

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 233 (9561) || 1954 жылғы 24 ноябрь Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл,
жеке саны 20 тыйын.

Мал қыстату — мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі

Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беру — қазіргі күнде ауыл шаруашылығының алдына қойылып отырған аса маңызды міндет. Өйткені партия мен үкімет алға қойған елімізде таяудағы жылдар ішінде халық үшін азық-түлік, көпшілік қолды товарлар және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау міндетін ойдағыдай жүзеге асыру қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыра беруге де байланысты. Демек, мал шаруашылығын өркендету — мемлекеттік маңызы мейлінше зор іс.

Бүгін республикамыздағы сыяқты біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздары да мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда кейбір табыстарға ие болды. Колхоз, совхоздарда мал шаруашылығын ұйымдастыру мәдениеті едәуір артты. Малдәрігерлік — зоотехникалық ғылым мен озаттардың тәжірибесін өндірісте кеңінен енгізу нәтижесінде қойлардың күндізлігі, сауын сыйырлардың сүттілігі, жалпы малдың құнарлылығы едәуір артты. Мал шаруашылығын өркендетудің басты шарты — жемшөп базасын жасау бұрынғы жылдарға қарағанда едәуір дәрежеде ұйымшылдықпен жүргізілетін болды.

Еліміздің еңбекшілерінің материалдық әл-ауқат және мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да жақсарту беру міндеті қоғамдық мал шаруашылығын шұғыл өркендетіп, оның өнімділігін барған сайын арттыра түсуді талап етеді. Бұл — әрбір колхоз, совхоз, бөлше мен ферма мал өсіру жоспарын әрбір түлкі бойынша жыл сайын толық және асыра орындап, елімізге етті, сүтті, майды, жүнді және басқа мал шаруашылығы өнімдерін көп беруге тиіс деген сөз.

Әсіресе біздің облысымыздың жағдайына мал қыстату — мал шаруашылығын өркендетудің ең жауапты кезеңі болып табылады. Ал облысымызда мал шаруашылығын өркендетудегі мұндай жауапты кезең басталды, мал негізінен қолға қараты. Рас, облыстың көптеген колхоздары мен совхоздары бұл жауапты кезеңде ерте бастап жан-жақты әзірленіп, мал қыстатуға зор ұйымшылдықпен кірісті. Мұндай шаруашылықтардың бірі —

совхоздардың барлық мүмкіншіліктері мал қыстатуды алғашқы күндерден бастап үлгілі ұйымдастыруға жұмылдырылуға тиіс.

Қыс жаңа басталды. Бірақ мал қыстату жұмысын ұйымдастыруда найқалушылыққа ешбір жол берілмеуге тиіс. Қазіргі ең басты мәселе — қолда бар жемшөпті толық есепке алып, оның ұқыпты жұмсалуды қадағалау. Есепке алынған жемшөп ақты бойынша ферма менгерушілеріне, қойма менгерушілері мен малшыларға тапсырылуы керек. Сол сыяқты, жемшөпті бүлінуден, мал түсуден және талан-таражға салынудан сақтауға баса назар аударылуға тиіс.

Қолда бар жемшөпті дұрыс есепке алуға, ұқыпты жұмсауға және сақтауға машина-трактор станцияларының басшылары мен мамандары колхоз басқармаларына нақты көмек көрсетуге міндетті.

Жемшөпті ұқыпты жұмсау дегеніміз — малға жемшөпті мөлшерден кем беру деген сөз емес, белгілі рацион бойынша дәлме-дәл мөлшер бойынша беру деген сөз. Демек, жемшөпті үнемдеймін деп, малды мөлшерден кем азықтандыруға, сөйтіп, малдың жүдеуіне жол беруге болмайды.

Ендігі бір басты міндет қыстықүні малдың құнарлылығын жазды күндерден кемітпей, қайта арттыра беру болып табылады. Қазір әрбір колхозда МТС маманы, агрономдар мен зоотехниктер жұмыс істейді. Олар өздерінің білімдері мен озат тәжірибесін пайдалана отырып, қыстықүні малдың құнарлылығын арттыруда малшыларға күнбе-күн көмек көрсетуге міндетті.

Қысты күндері малды жүдетпей, оның құнарлылығын арттырудың басты шарттарының бірі — малды зоотехникалық ережелерге сай азықтандыру. Малдың құнарлылығын арттыра беру үшін де, сол сыяқты, жемшөпті үнемдеу үшін де сабанды турап, нәрлендіріп берудің зор маңызы бар. Ал бұл жұмысты ұйымдастыруда колхоздарға нақтылы көмек көрсету — МТС-тің міндеті.

Мұнымен бірге мамандар малдың, әсіресе сауын сыйырлардың әртүрлі азықтандырылуын ұйымдастыра білуі керек. Мұның себебі: малдың әртүрлі азықпен азықтануы оның құнарлылығын артты-



Нормадан тыс 250 мың тонна жүк тасылды

Түрксибтің қозғалыс қысметкерлерінің социалистік жарысында Семей станциясының маневр диспетчері Иванов жолдастың еменасы едәуір табыстарға жетті.

Семей станциясы тоз Түрксиб үшін ра-на емес, сонымен бірге Тараз және Ташкент магистральдары үшін де поездар құрастырады. Соңғы төрт айдың ішінде станцияда жүздеген ауыр салмақты маршруттар құрастырылып, жөнелтілді; олармен салмақ нормасына қосымша 250 мың тонна жүк тасылды. Осы уақыт ішінде біржарым мың жүк тиелген составтар шапшаңдатылған әдіспен қабылданып, жөнелтілді.

Иванов жолдастың еменасы әрбір еме-на сайын 5—8 ауыр салмақты поездар құрастырады. Бұған бірсыпыра жұмыс-тарды бір мезгілде орындау арқылы жол жетеді. Мысалы, составты құрастырумен бір мезгілде вагондарға техникалық ба-қылау жұмысы жүргізіледі. Сұрыптау шаруашылығының техникалық мүмкін-діктерін толығымен пайдалана отырып, Иванов жолдастың еменасы вагондардың көп жыйналып қалуына және олардың босқа тұруына жол бермейді.

(ҚазТАГ).

Миллионер колхоздар ауданы

НАРЫҢҚОЛ (Алматы облысы). (Қаз-ТАГ). Бйыл Нарыңқол ауданы колхоз-дарының экономикасында едәуір өзгеріс-тер болды. Бйылға дейін артта қалған колхоздардың бірі деп есептеліп келген Киров атындағы ауылшаруашылық артелі мемлекетке астық және малшаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарларын мерзім-нен бұрын орындады. Колхоз мемлекетке астық, ет, жүн, сүт сатудан 1.100 мың сом табыс алды. Ауылшаруашылық арте-лі қазір жаңа клуб пен балалар бақпа-сын салуға кірісті.

Үстіміздегі жылы Ворошилов атындағы, Каганович атындағы, Энгельс атындағы ауылшаруашылық артельдері де ауылша-руашылық өнімдерін сәтұдан миллионда-ған сом табыс алды.

ББС секретариатында (1-бет).
Советтік Қазақстанда (1-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Совхоздарға нақтылы басшылық жа-сау — жұмыстың маңызды саласы (2-бет).
ХАЛЫҚ СОТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ӨЗІРЛІК: Б. Кәрім-баев. — Үгітшілердің жусталық семинарлары (2-бет).
Е. Федотова. — Асхана жұмысын жақсарту береміз (2-бет).
В. Мамырбаев. — Совет сотының тәрбиелік ролі (2-бет).
МАЛ ҚЫСТАТУДЫ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРДЕН БАСТАП ҮЛГІ-ЛІ ҰЙЫМДАСТЫРАНЫҚ: П. Григорова. — Озат мал өсірушілер-дің табысы. К. Қуанышов. — Іске икемсіздіктің садары

(3-бет).
РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: И. Сараяев. — Котовтың қысымы (3-бет).
А. Чаплин. — Медицина соқыр сенімге және бақсылыққа қарсы күресте (3-бет).
АГРОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Н. Кулавский. — Қар тоқтату әдістері (3-бет).
Х. Рахматуллин. — Орденді мұғалима (4-бет).
Жақан Сыздықов. — Күн төртбінде: тобелес (4-бет).
Илья Эренбург. — Бейбітшілікке жету жолын берік қорға-йық! (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

КБС Секретариатында

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚ СОТТАРЫ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ

КБС Секретариаты кәсіподақ ұйым-дарының халық соттарының сайлауына қатысуы туралы қаулы қабылдады.

Алдағы сайлау, делінген қаулыда, өнеркәсіптің, транспорттың, ауыл шаруашылығы мен құрылыстың барлық сала-ларында жаңа еңбек орлеуі жағдайында, бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау және асыра орындау жолындағы еңбекшілердің материалдық әл-ауқат және мәдени дәрежесін оған әрі өркенде-ту жолындағы социалистік жарыс қызу өріс алған жағдайда өткізілетін болады. Халық соттарының сайлауы сөт жұмы-сын оған әрі жақсартуға, советтік соци-алистік мемлекеттің заңдарын қатаң орын-дауға арналған аса маңызды саяси нау-қан болып саналады.

КБС Секретариаты барлық кәсіподақ ұйымдарын халық судьяларының және халық заседательдерінің сайлауына әзір-лікке және оны өткізуге белсене қатысу-ға, фабрикалар мен заводтарда, шахталар мен рудниктерде, МТС-тер мен совхоздар-да, мекемелер мен оқу орындарында хал-дық соттарының құрамына Отанымыздың лайықты ұлдары мен қыздарын сайлау үшін үгіт-бұқаралық жұмысты шеңінен өрістетуге міндеттеді.

Кәсіпорындарында, клубтарда, мәдениет үйлері мен сарайларында, қызыл мүіс-терде және жатақханаларда сайлаушылар үшін СССР Конституциясы, совет соты-ның демократиялық принциптері, совет-тік революциялық заңдылық туралы лек-циялар, баяндамалар мен әңгімелер ұйым-дастыруға тиіс. Әрбір сайлаушының халық соттарының сайлауы туралы Ережемен таныстыру керек. Сайлаушыларды мәде-ниетті қамту үшін кәсіподақтардың көр-кемөнерпаздар коллективтері тартылуға тиіс.

КБС жұмысшыларды, қызметшілерді, инженерлерді, техниктерді, ауыл шаруашылығының мамандарын, ғылым мен мәдениет қызметкерлерін, барлық кәсіп-тік мүшелерін сайлауға белсене қаты-суға, халық судьялары мен халық засе-дательдерінің құрамына жұмысшы та-бының, колхозшы шаруалардың, интелли-генцияның беделді және бұқараға сенімді, советтің өділ сотын іс жүзіне асыру қолынан келетін өкілдерін сайлауға ша-қырады.

(СОТ)

Екі жарым миллион трикотаж бұйымы шығарылды

Бесінші бесжылдықтың тапсыр-масы алдағы жылдың 1 октябріне орындалып, еңбек өнімділігі 1950 жылмен салыстырғанда, 60 про-цент арттырылды. 1955 жылы бұйымдардың 25 жаңа фасоны игерілді. Алматының Держин-ский атындағы трикотаж фабрика-сы коллективінің бірауыздан қа-былдаған міндеттемесі, міне, осындай.

Алматылық трикотажшылар осы міндеттемелерді жүзеге асы-ру жолындағы жарыста алғашқы табыстарға жетті. Онбір айдың өндірістік программасы мерзімі-нен бұрын орындалды. Сауда ұйымдары екі жарым миллионнан аса трикотаж бұйымдар алды. Кеше фабрика декабрьдің есебіне өнім шығара бастады. Фабриканың кон-вейерлерінен бір күнде 4,200 жүннен тоқылған және жүн ара-ласастырылып тоқылған әйелдер жекеттері, джемперлері, балалар костюмдері және 6.400 трикотаж ішкі киім шығарылды. Бұл — күн-делік тапсырмадан 14 процент артық. Қазір фабрика 50 түрлі бұйым шығарады. Жылы киімдер-дің ішінде балалардың трикотаж костюмдері мен ішкі киімдері, әдемі кестелер салынған жекет-тер бар.

Кәсіпорындарының коллективі шикізат пен материалдарды үнем-деп жұмсау жолында ойдағыдай күресіп келеді. Үнемделген мате-риалдан 25 мың трикотаж бұйым дайындап шығару модельшілер мен киім пішушілердің творчес-твольқы орасан зор жұмысының нәтижесі болды. Жылдың басы-нан бері жоспардан тыс үнемдел-ген қаржы бес мың сомға жуық болды.

(ҚазТАГ).

Москвалықтардың шақыруымен

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). «Қазахсельмаш» заводының машина жасаушылары Моск-ваның озат кәсіпорындарының үндеуін талқылап, бесжылдық жоспарды 1955 жылғы 5 декабрьде орындап, еңбек өнім-ділігін 1950 жылмен салыстырғанда, екі жарым есе арттыруға, ал ауылшаруашылық машиналарын жасауды — алты есе ұлғайтуға міндеттене алды.

1955 жылы екінші маларлық-кештір-гін агрегатты жасап, іске қосу, құю цехында жылжымалы қалыптау-қую конвейерінің конструкциясын жасау, тырнауыш тістерін жасайтын автоматтық линияны іске қосу ұйғарылып отыр.

Завод цехтарында міндеттемелерді мүлтіксіз орындау жолындағы жарыс-өрістеуде. Токарь Тюваев жолдас былай деді:

— Мен үш жыл он айдың ішінде бес-жылдың нұрмасын орындадым. Бесжыл-дықтың аяғына дейін тағы үш жылдық норма орындауға міндеттемемін.

Махметов жолдас мастер болып істей-тін электросварка участогінің коллективі еңбек өнімділігін норманы 150 процент орындауға дейін арттырды.

Кантемирліктер жұмыс істейтін жеріне келуде

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Кантемир диви-зиясының запасқа шығарылған жауын-герлері жаңадан құрылатын «Кантеми-ровец» совхозында жұмыс істеуге тілек білдірген болатын; олар өздері тұратын жаңа жерге келіп жатыр. Кеше Қызыл станциясына — жаңадан қоныстанушы-лардың жыйналатын пунктіне 14 адам келді. Патриоттар уақытша Қызыл сов-хозында орналасуда. Мұнда оларға арна-лып жатақхана жабдықталған.

Запасқа шығарылған жауынгерлермен бірге жаңа совхозда жұмыс істеуге тілек білдірген олардың туыстары мен достары да келді. Бұрынғы солдат Михаил Чер-емухин өкі ағасы — Алексей мен Николай-ды өзмен бірге ала келді.

«Кантемировец» совхозына арналып қажетті техника, құрылыс материалдары мен жабдықтар жаңадан Алматыдан

шылық артелі (председателі Биль жолдас). Бұл жолхоз мал қыстатуға әзірлікті ертеден, көктем күндерінен бастап қолға алған болатын. Жолхоз барлық мал қораларын кезінде жөндеді, қорамдық малға жеткілікті 14.400 центнер жай шөп, 400 центнердей сүрленген жемшөп, көп сабан әзірледі. Сол сияқты, сабанды малға алды-ала көрлендіріп беру үшін фермаларда бетондалған өкі қамба жабық талды. Куйбышев атындағы МТС жолхозға екі сабантурағын берді. Жолхоз басқармасы фермаларға жұмыс істеуге тәжірибелі мал өсірушілерді бөлді.

Мұндай тыңғылықты әзірлік мал қыстатуды алғашқы күндерден үлгілі ұйымдастыруға мүмкіншілік беріп отыр. Жолхоз фермаларында малдың кезінде азықтандырылып, суарылуына және жемшөптің белгілі рацион бойынша тыңғылықты жұмсалыуына қатаң бақылау қойылған.

Преснов ауданындағы «Красный партизан», «Жизнь» жолхоздары, Явленка, Возвешен, Мамлют совхоздары және басқа көптеген шаруашылықтар мал қыстату жұмысын зор әзірлікпен қарсы алып, мал қыстатудың алғашқы күндерінен өзіне бұл жұмысты тыңғылықты ұйымдастырды.

Алайда облысымыздың барлық жолхоздары мен совхоздары бұл жауапты кезеңге сақалдай-сай әзірленді деп айта алмаймыз. Бізде мал қыстатуға әзірліксіз кіріскен шаруашылықтар барлық аудандарда да бар. Егер қысқы маусымға әзірлікте болған жемшөптерімізді мал қыстатудың алғашқы күндерінен бастап дереу жоюға жетіспесек, бұл жағдай жұмысқа кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан жолхоз,

руға жөмектеседі. Бізде мал қыстатудың алғашқы кездерінде мал жай жемшөппен, сабанмен ғана азықтандырылып, сүрленген жемшөп көктемгі уақытқа қалдырылып жүр. Бұл дұрыс емес. Қыстың алғашқы күндерінен-ақ малды әртүрлі азықпен, сол сияқты, сүрленген жемшөппен де азықтандыру керек.

Бұл күндері фермаларда күндіз-түні бірдей қызу қарқымен жүргізілетін жұмыстардың бірі — дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына тасу. Жолхоз басқармалары мен совхоз директорлары арнаулы адамдар мен көлік үшін бөліп мал қоралары жанына жемшөптің жеткілікті мөлшерде тасылып алынуын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Аудандық партия комитеттері мен Совет атқару комитеттері әрбір жолхоз, совхоздағы, фермадағы мал қыстатудың жақсымен күнбе-күн танысып, мал қыстатуды үлгілі ұйымдастыруда оларға нақтылы басшылық жасап, қолма-қол көмек көрсететін болсын.

Облыс мал өсірушілері мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы социалистік жарысқа ұштасуда. Партия ұйымдары малшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарды мал қыстатуды үлгілі өткізу жөнінде алда тұрған міндеттермен ұштастыра жүргізіп, олардың өндірістік және саяси белсенділігін бастай білуге міндетті.

Барлық күш-мүмкіншілік қорамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың жауапты кезеңі — мал қыстатуды үлгілі өткізуге жұмылдырылсын!

Ленин атындағы және Калинин атындағы жолхоздардың табыстары көздің өзінде екі миллион сомнан асып отыр. Быйыл аудандық барлық 11 жолхоз миллионер шаруашылықтарға айналды.

Оңтүстіктің совхоздарының көтеруде

ШЫМБЕНТ. (ҚазТАГ). Шымбент тресінің совхоздары астық өндіруді арттыру үшін суарылмайтын участоктердегі тың және тыңайған жерлерді игеруде. Алдағы жылдың егісіне арнап 65 мың гектар тың және тыңайған жер жұрту белгіленіп отыр. Бұл дөңді даңқылдар егісінің көлемін екіжарым еседен артық ұлғайтуға мүмкіндік туғызады. «Дарбаза» совхозында жана жерлерді жұртуда төрт «С-80» тракторы жұмыс істеп жүр. Механизаторлар күн сайын 50 гектар жана жер жұртады. Шалдар совхозында бұл жұмысқа сегіз шынжыр табанды трактор қосылған.

Үгітші-студенттер

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Қостанай оқытушылар институтының студенттері халық соттарының сайлауына әзірлікке белсене қатысып келеді. Үгітші-студенттер сайлаушылардың үйлеріне барып, оларды халық соттарының сайлауы туралы ережемен таныстырды, советтік әділ сот туралы, СССР азаматтарының праволары мен міндеттері туралы өңімелер өткізді.

Қарағанды архитекторларының жаңа жобалары

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). «Қарағанды-гипрешахт» институтында Қарағанды архитекторларының жаңа жобалары талқыласты, оған коммуналдық шаруашылықтың құрылысшылары мен қызметкерлері, жемір бассейнінің партия, совет және өкіметтік ұйымдарының өкілдері қатысты.

Қалаың орталық магистраліндегі ең ірі тұрғын үй кварталы — Мир бульварының көркейтудің жобасы қызу талқыланды. Үш және төрт қабатты үйлерде 722 пәтер үй, балалар бақшасы мен балалар ясли болады. Автомашиналарға арналып гараждар салынады. Үйлердің төменгі қабаттарына магазиндер, ресторандар, тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар орналастырылады. Кварталдың ішіне ағаш отырғызылады. Фонтандар, спорт алаңдары жасалады. Бұл кварталда үйлер салуға және оны көркейтуге екіжарым миллион сом қаржы бөлінді. Кварталдың бейнесі көздің өзінде айқын көріне бастады. Котель цехтарында жабықтау жұмысы жүргізіліп жатыр, күлді механикаландырылған едіспен тазартқыштар монтаждала бастады.

Талқылауға қатысушылар жобаға түзетулер енгізді. Кварталдың ортасынан жеміс бағын егу ұйғарылды.

Жұршылық өкілдері Ақтас поселкесіндегі жұмысшылар клубының жобасына өте бағалы толықтыру енгізді.

растырмалы төрт үй Тайнча станциясына жеткізілді.

Жаппай радиоландырылған аудан

Алматы облысы, Еңбекшідазақ ауданындағы Красный Восток селосында радио хабарын тарататын торап іске қосылды. Ол Хрущев атындағы ауылшаруашылық артелінің қаржысына салынды. Осы жаңа радиоторабының іске қосылуы нәтижесінде Еңбекшідазақ ауданының жолхозды-селоарын жаппай радиоландыру ісі толық аяқталды.

Быйыл Алматы облысының жолхозшыларының үйінде, селолық мәдени-ағарту мекемелерінде 18 мыңға жуық радиоточкалар орнатылды, бұл өткен жылғы тиісті уақытпен салыстырғанда екі есе артық.

(ҚазТАГ).

Автомашиналар алуда

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Облыстық тұтынушылар одағының адресіне 75 «Победа» автомобиль түсті. Ақмола, Атбасар және Шортанды аудандарының Калинин атындағы, Хрущев атындағы, Аманкелді атындағы және басқа жолхоздары мемлекетке сатылған астық үшін автомашиналар алды.

Жылдың басынан бері облыс жолхоздары өздерінің автомобиль паркін 350 жүк және жеңіл автомашиналармен толықтырды.

★

Совхоз өндірісінің электрлендіру

Совхоз электрлендірушілері үстіміздегі жылы 200-ден астам жана электр станцияларын қатарға қосты, сөйтіп электр қуаты жөнінен жылдық жоспарды орындады.

Тоғыз ай ішінде өткен жылғы осы мерзімдегіден электр қуаты елөуір артық өндірілді. Оның 70 проценттен астамы қырмандарда астық тасартуға, мал соғығын дайындауға, сүмен қамтуға, сыйыр, саууға және жөндеу мастерскойларында пайдаланылды. Электр қуатын егін және мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру үшін пайдалану соғысқа дейінгі 1940 жылмен салыстырғанда 8 есеге жуық артты. Совхоздарда 90 мыңға жуық әртүрлі электр двигателдер жұмыс істейді.

Өткен ірі жылы және мал шаруашылығы шаруашылықтарына қуаттылығы 500 аттық күшпендей дизельді электр станциялар әкелінуде. Олардың жыйындылығы Қазақстан совхоздарына орнату белгіленген. Бұл мұнда өндірістің негізгі процестерін комплексті механикаландыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның, Уралдың, Сибирьдің және Поволжьеңің тың және тыңайған жерлерінде ұйымдастырылған 124 астық совхозы қуаттылығы 15,30 және 60 киловаттық жылжымалы жүздеген электр станцияларын алды. Олар жұмысшылар поселкелерін және жана совхоздардың жекелеген өндірістік мұқтаждарын жарықпен қамтамасыз етеді.

(СОТА).

Міндеттеме жүзеге асырылуда

«Трехгорная» мануфактура комбинатының цехтарында бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс өрстей түсуде. Жалпы өнім шығару жөніндегі бесжылдық жоспарды Ұлы Октябрьдің 37 жылдығына орындауды және еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 60 процент арттыруды ұйғарып, кәсіпорнның қызметкерлері қана міндеттемені орындауға жігерлене кірісті.

Ноябрьдің екі онкүндігінде трехгорлықтар жоспардан тыс 1500 килограмм жіп, 5 мың метр көлдір және 400 мың метр тайын мата өндірді. Жыл басынан бері жоспарға қосымша 20 миллионнан астам өсменің өнімі шығарылды.

Жалпы өнім шығару өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 10,5 процент артты.

Мыңдаран жұмысшы әйелдер мен жұмысшылар бұл күндері жұмыс нормаларын үнемі асыра орындап жүр. Ноябрьде 10 бригада жылдық программаны орындады. Іріу фабрикасында іріуші Смирнова жолдасының бригадасы бірінші болып жылдық тапсырманы орындап шықты. Бұл озат коллектив жыл аяғына дейін 11 тоннадан астам жіп өндіруге міндеттенді. Кәзір бригада тапсырманы 117 процент орындап, жоғары сапалы жіп өндіруге.

(СОТА).

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен және ССРО Одағының Министрлер Советінен

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті және ССРО Одағының Министрлер Советі аса көрнекті мемлекет қайраткері — Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, академик **Андрей Януарьевич ВЫШИНСКИЙ** жолдасының 1954 жылғы 22 ноябрьде Нью-Йоркте жеткен қайтыс болғанын қатты қайғырып хабарлайды.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті

ССРО Министрлер Советі

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінде

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті қаулы етті:

1. А. Я. Вышинскийді жерлеуді ұйымдастыру жөнінде мына жолдастардың құрамында Үкімет Комиссиясы құрылсын: М. Г. Первухин (председатель), А. А. Громько, К. П. Горшеннин, А. Ф. Горкин және М. А. Яснов.
2. А. Я. Вышинскийдің денесі салынған табыт Москваға әкелінсін.


ССРО Сыртқы Істер Министрлігінен

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің коллегиясы мен қызметкерлер коллективі ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары, Совет Одағының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкілі **Андрей Януарьевич ВЫШИНСКИЙ** жолдасының қайтыс болғаны жөнінде қатты қайғырады және марқұмның семьясына көңіл айтады.

БҰҰ Бас Ассамблеясы А. Я. Вышинскийді еске түсірді

НЬЮ-ЙОРК, 22 ноябрь. (СОТА). Бүгін Бас Ассамблея ССРО делегациясының басшысы А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты оны еске түсіру үшін өзінің таңертеңгі пленум мәжілісін тоқтатты. Бас Ассамблеяның председателі

Ван Клеффенс қайғылы аза тұту ретінде Бас Ассамблеяның пленум мәжілісін тоқтатып, Совет Одағының Үкіметіне, совет делегациясына және совет халқына бұл қаза жөнінде көңіл айтты.



Азербайжан ССР-і. Металлургтердің жаңа қаласы Сумгайтеге ноябрьде бес жыл толады. Бұл мерзімнің ішінде қалада жүздеген тұрғын және өкімшілік үйлері, төрт орта мектеп, аурухана, мәдениет үйі, балалар мекемелері, көптеген өндіріс тағамдары мен өндірістік бұйымдар магазиндері салынды. СУРЕТТЕ: Ленин көшесі, оң жақта металлургтердің Мәдениет үйі. (СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Совхоздарға нақтылы басшылық жасау— жұмыстың маңызды саласы

Октябрь аудандық партия конференциясынан

Облыста Октябрь ауданы сыяқты тың жерге бай және мүмкіндігі зор ауданды өзгерте кездестіру қиын. Рас, үстіміздегі жылдың көктемі мен жазы ауданның қарпасына елеулі өзгеріс жасап, оның экономикасын анағұрлым нығайтты. Жақында болып өткен Октябрь аудандық партия конференциясы осы мәселелерді талқылауға арналды. Партия мен үкіметтің ауданға көрсетіп отырған зор көмегі нәтижесінде партия ұйымдары тың және тынайған жерлерді игеру жөніндегі жоспардың толық орындалуына қамтамасыз етті. Аудан еңбекшілері 261 мың гектар тың көтерді. Келесі жылдың егісі үшін 313 гектар пар мен зыб жыртылды. Ауданның егіс көлемі мен астық қоры үстіміздегі жылмен салыстырғанда үш еседен астам артады. Жаңа жерлерде қуатты 7 жаңа астық совхозы ұйымдастырылды.

Еселігі баяндама жасаған аудандық партия комитетінің секретары Потютко жолдас және делегаттар ауыл шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстармен бірге, аудан экономикасын одан әрі көтеру үшін бөгет болып отырған елеулі кемшіліктер туралы айтты. Ауданда небары үш колхоз ғана астық тасыру жоспарын орындап, мемлекетке біраз астық сатты. Аудан елімізде 2,8 миллион пұт астық бере алмай, үлкен борышты болды. Мұның негізгі себебі: ауыл шаруашылығына басшылық дәрежесінің төмен болуы. Жұртқа мәлім, селолық партия ұйымдарының совет, шаруашылық органдарының жұмыстарының дәрежесі егіннің шығымдылығына қарап бағаланды. Олай болса, Октябрь ауданы партия ұйымының жұмысын егіннің шығымдылығының кем болуымен сыпаттауға болады. 1954 жылғы жазғы дақылдардың жартысына жуығы көктемде жыртылған жерлерге орналастырылды. Мол өнім жыйнау жөніндегі күрестің үлгілерін тарату жөнінде жұмыс жеткіліксіз жүргізілді. Мәселен, Октябрь және Степной совхоздарының жағдайлары мен мүмкіншіліктері бірдей. Солай бола тұрса да, бұл екі совхозта егіннің шығымдылығы әртүрлі болды. Октябрь совхозы Степной совхозына қарағанда дәнді дақылдардың әрбір гектарынан өнімді 3 центнерден артық жыйнады.

Аудандағы озат шаруашылықтардың бірі—«Бірлік» колхозының артелі экономикасын нығайту жөніндегі әдістері мен жолдары туралы басқа шаруашылықтар мәрдәмді ештеңе білмейді. Мұнда партия ұйымы соңғы жылдары колхоздың ұйымдастыру және шаруашылық мәселелерін талқылау үшін 17 рет жыйналды. Колхозшы коммунистер өздерінің қабылданған қарарларын жүзеге асыру үшін қажырлықпен күресуде. Колхоз соңғы кезде екі жүк автомашинасын, электр

ника да жеткілікті. Жаңа жерге қоныстанушыларды пәтер-үйлерге орналастыру мәселесі негізінен шешілді. Мәселен, Тимирязев атындағы совхозда қоғамдық құрылыстармен бірге жұмысшылар үшін 32 жеке пәтер-үйлер салынды. Мұнда бұдан жарты жыл бұрын аяқ шатырлардан басқа ештеңені көруге болмайтын. Көзір кең далادا салынған жаңа поселкада өндірістік және бұқаралық-саяси жұмыс күннен-күнге қыза түсуде. Совхоз партия ұйымы (секретары Цуканов жолдас) совхоз ұйымдастыру алғашқы күннен бастап жаңа жерге қоныстанушылар арасында саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырып келеді. Мұнда саяси жұмыс активтерді ұйымдастырудан басталды. Инициативті алдыңғы қатарлы қызметкерлер өздерінен үгітшілер коллективі, лекторлар тобы ұйымдастырылды. 13 үгітші совхоз жұмысшылары үшін үнемі дауыстап пәзет оқып, өңгімелер өткізеді. Совхоздың үгіт коллективі механикаторлар мен құрылысшыларға социалистік жарысты ұйымдастыруға, онда жақтылы міндеттемелер алуға жаңды көлек көрсетеді. Жұмыстың нәтижелері мен социалистік жарыстың қорытындылары көрсеткіш тақталарына кезінде жазылды. Совхоз дирекциясымен бірлесе отырып, партия ұйымы жұмысшылардың семьяларын совхозға көшіріп алу жөніндегі шараларды жүзеге асырды. Көзір совхозта 228 қызметкердің семьясы жұмыс істейді. Соның нәтижесінде тың жер игеру жөніндегі жоспар басқа шаруашылықтардан бұрын орындалды.

Конференцияда партия ұйымының атынан сөз сөйлеген Тимирязев атындағы совхоздың директоры Зарицкий жолдас жаңа совхоздарды ұйымдастыру жөнінде аудандық партия комитеті мен құрылыс трестінің тарапынан басшылықтың жеткіліксіз болғанына тоқталды.

—Аудандық партия комитеті мен кейбір жоғарғы орындар,—деді Зарицкий жолдас,—қажетті шараларды кезінде жиі белгілейді. Бірақ, не пайда, ол шаралардың басым көпшілігі қағаз жүзінде қалып қояды. Мәселен, біздің совхоз құрылысқа қажетті ағашты 200 километр жерден тасыйды. Егер ол материалды тіркеу құралдарымен тасуға жұмыс анағұрлым өнімді болар еді. Бірақ бізде бұлай болмады. Осы себепті құрылыс жұмыстары ұзаққа созылды. Құрылыс трестінің совхозды түзеу құралдарымен қамтамасыз етуде июнь айында белгілеген жұмысы тек үш үйдан соң ғана жүзеге асырылды. Мұндай фактілер аз емес.

Сонымен қатар Зарицкий жолдас әрбір жаңа совхоз үшін перспективтік жоспар жасау қажет екенін айтты.

Осы сыяқты, жаңа совхоздардан келген делегаттардың көпшілігі өздерінің сөздерін

совхоздарында жеке үй салушылар үшін босатылған 240 мың сом қаржы пайдаланылмады.

Докучаев атындағы совхоздың директоры Балтырин жолдас өзінің сөзін құрылыс жұмыстарына және жұмысшыларды қамтамасыз ету міндеттеріне арнады.

—Біз құрылыс материалдарын тасу жұмысын жедел ұйымдастыра алмай отырмыз,—деді ол.—Таңдағы күндері бұл мәселені шешу қажет. Сөзінің соңында Балтырин жолдас совхоз жұмысшыларының овош және картошпен қамтамасыз ету мәселесіне тоқталды.

Делегат Григорьев жолдас аудандық партия комитетінің жұмысын батыл және әділ сығға алды.

—Баяндамашы,—деді ол,—аудандық партия комитетінің жұмысындағы кемшіліктерге аз тоқталды. Ол кейбір бастауыш партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді жою жөнінде аудандық партия комитеті қандай шара қолданғаны жөнінде ештеңе айтпады. Аудандық партия комитеті шаруашылық жұмыстарға жалпылама басшылық жасап, социалистік жарысты жеңінен өрістеті, озаттардың тәжірибелерін насихаттау мәселелерін естен шығарып келеді.

Ишим совхозының директоры Гайдуков жолдас құрылыс ұйымының жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды.

Мұнан кейін Гайдуков жолдас аудандық партия комитетінің совхоздардың экономикалық ерекшеліктерін ескермейтінін айтты. Ишим совхозы 23 мың гектар, ал Интернационал совхозы 17 мың гектар тың игереді. Солай бола тұрса да, аудандық партия комитеті бұл екі шаруашылықта тракторлар санының бірдей болуын дұрыс деп есептейді. Аудандық комитет жаңа совхоздарда бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру мәселесіне шеметті қарап келді. Өткен жазда облыстық ұйымдардың лекторлары совхозға төрт рет болды. Ал аудандық партия комитетінің бірде-бір қызметкері совхоз коллективі үшін лекция оқыған емес.

Чапаев атындағы совхоздың председатели Біржанов жолдас аудандық партия комитетінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары өздерінің уақытын аудан орталығында өткізіп, колхоздарда сирек болатынына тоқталды.

Конференцияда аудандық партия комитетінің идеологиялық жұмысқа басшылықты әлсіреткенін атап көрсетілді. МТС және совхоз аймақтары жөніндегі топ қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту мәселесіне кете назар аудармай жүр. Аудандық партия комитетінің секретарьлары мен бір мүшелері еңбекшілер үшін лекцияларды

Халық соттарының сайлауына әзірлік

Үгітшілердің кусталық семинарлары

Жақында Преснов аудандық партия комитеті МТС және совхоз аймақтары бойынша село үгітшілерінің кусталық семинарларын өткізді. Бұл селолық партия комитеттерінің жұмысы қайта құрылғаннан кейінгі уақыттың ішінде тұңғыш рет өткізіліп отыр.

Семинарларға аудан бойынша барлығы 210 үгітші қатысты. Оларға маман-лекторлар әртүрлі тақырыптарда лекциялар оқып берді. Мәселен, егін жыйнау, мал қыстатуға дайындық кезеңдерінде колхозшылар мен механизаторлар арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың қорытындылары және үгітшілердің мал қыстатуды өткізу және ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын көктемгі егіске дайындау кезеңіндегі міндеттері жөнінде лекциялар оқылды. Бұл тақырыптағы лекцияларды РКП аудандық комитетінің секретарьлары Болалбаев, Бабкин, Байбатыров жолдасстар жасады.

Сондай-ақ, дәрігерлер Луцок, Ильинская, Лопаткина жолдасстар «Маскүнемдік—ескінің зиянды қалдығы» деген тақырыпта, аудандары орта мектептердің мұалімдері Струнишкова, Юрьев, Омарова және Ветчинина жолдасстар «Марксизм-ленинизм діні туралы» деген тақырыпта лекциялар оқыды.

Семинарларда үгітшілер тәжірибе ауыстыру жөнінде өзара пікір алысты. Сонымен бірге, олар мұндай семинарлардың бұдан былай да ұйымдастырылып тұруы жөнінде тілек білдірді.

Б. КӨРІМБАЕВ.

Преснов аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.



Преснов ауданы, Спасовка селолық Советінде халық соттарының сайлауына әзірлік жұмыстары өріс алды. Жданов атындағы колхозда онүйліктерде 12 үгітші жұмыс істейді. Үгітші мұғалімдер Сүрағанов, Теміров, Қазбеков, Қасенов, Шоқаев жолдасстар өздеріне белгіленіп берілген онүйліктерде Қазақ ССР халық соттарының сайлауы жөніндегі Ереже, советтік сайлау системасының негізгі принциптері туралы және басқа тақырыптарда 7-8 рет өңгіме өткізді.

Олар өздерінің өңгімелерін колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттермен, мал қыстату және көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының барысымен байланыстыра жүргізуде.

Мәселен, қыстау маңына мал азығын тасуда жұмыс істейтін колхозшы шаруалар мен механизаторлар Жақимов, Шалабаев, Шәймерденов, Қожақиев, Сәбитов сыяқты жолдасстар соңғы бес күнде 3 мың центнерден астам піеп тасып, талсырманы артығымен орындады. Колхоз қоймасында тұқым тазартуда жұмыс істеп жүрген колхозшы әйелдер Мырзалина, Боқаева, Қулақбаева, Майкотов жол

Асхана жұмысын жақсарту береміз

Коммунистік партиямыз бен үкіметіміз мәдени-тұрмыс дәрежесі, тұтыну талаптары өсіп отыратын совет тұтынушыларының барынша қанағаттандырып отыру үшін және елімізде көпшілік тамақтанатын асханалар мен шайханалардың, салқын тамақханалардың және буфеттердің санын едәуір көбейтіп, олардың халық тілегіне сай жұмыс істеуіне жыл сайын миллиондаған сом қаржы босатып келеді.

Осындай зор қамқорлықтың нәтижесінде бүкіл еліміздегідей біздің Петропавл қаласында да көпшілік тамақтанатын орындар көбейіп, олардың жұмыстары жақсарып келеді. Қала асханалары әзірлейтін тағамдар сапасы күн санап жақсарып, ассортименті көбейе түсті. Онымен бірге, тұтынушыларды мәдениетті қамту ісі де бірталай жақсарды.

Біздің № 3 асхана коллективі де еңбекшілердің өскелең тілектерін мұлтисіз орындап отыру жолындағы социалистік жарысқа ынтасын, үстіміздегі жылы едәуір жақсы нәтижелерге ие болды.

Асхана үшін бұрынғыдан да көріктендіру, ондағы тазалықты жақсарту және тамақ әзірлеу процестерін жеңінен механикаландыру мақсатымен өткен жазда жөндеу жұмысын қолға алған едік. Үйді сылау, үйдің ішкі қабаты мен едендерін сырлау, төбесін жабу, буфет витринасындағы тағамдарға тоңазытқыш орнату, азық-түлік қоймасын жабықтау тағы басқа да жұмыстарға 11400 сом қаржы жұмсап, жөндеу жұмысын 15 күнде аяқтауды міндеттенген едік.

Асхана коллективінің бірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесінде белгіленген жөндеу жұмысы мерзімінен бес күн бұрын толық жабықталып, жұмысқа қосылды.

Мұндағы барлық жұмысшылар мен қызметкерлер, сатушылар мен аспазыштар және тағам пісірушілер товар айналымының жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға, дайындалатын тағамның сапасы жоғары болып, ассортиментін көбейте беруге, тұтынушыларды шапшаң және мәдениетті қамту үшін өздеріне көтерілген міндеттемелер алды.

Алынған міндеттеменің орындалуы әрбір бескүндік сайын өткізілетін өндіріс жиыналыстарында талқыланып отырылды. Жиыналыста кездескен кемшіліктер батыл сығға алынып, оны дереу жоюдың және бұдан былай кездестірмеудің негізгі шарасын белгілеп, оны жүзеге асыру коллективтің негізгі дәстүріне айналды.

Асхана коллективінің адал істеген еңбегі, ұйымшылдықпен жүргізген жұмысы жемісті болды. Өткен 1953 жылы қалалық асханалар мен ресторандар тресі бойынша біздің асхана онының орында еді. Ал үстіміздегі жылдың әрбір ай сайын, болмаса тоқсан сайын жасалатын қорытындыда біз үнемі алда келеміз. Үстіміздегі жылы товар айналымынан 3

миллион 550 мың сом табыс алуды міндеттендік. Біз жылдық жоспарды Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі күндерінде 113,6 процент артығымен орындап шықтық.

Мемлекет қаржысын үнемдеп жұмсап, шаруашылық еселігі нығайтудан және товарлар мен ыдығтардың шығынын неғұрлым азайту есебінен асхана көзін өзінде 193 мың мемлекет қаржысын үнемдеп отыр. Бұл жылдық жоспардан 87 мың сом артық.

Жылдың төртінші тоқсанындағы социалистік жарыс та жең өріс алып келеді. Бұл тоқсанның өткен біржарым айында 460 мың сомның товарын сату жоспарланса, ол 537 мың сом болып орындалды.

Асхананың тағам пісірушілері мен аспазыштарының қатары жыл сайын арнаулы білімдері бар маман кадрлармен толықтырылып келеді. Мұның өзі тұтынушылар тілектеріне сай жұмыс істеуге зор әсерін тигізді.

Сапалы, дәмді тағам пісірудегі социалистік жарыста Александра Семеновна Гордюкова жолдас басқаратын тағам пісірушілер бригадасы үнемі алда келеді. Бригада мүшелері: СОБН мүшесі Голандукина мен Егоров сыяқты жолдасстар өз мамандықтарына жете меңгерді. Олардың пісірген тағамдары тұтынушылардан үнемі «жақсы» және «өте жақсы» деген баға алады.

Тұтынушыларды шапшаң және мәдениетті қамтуда жақсы көрсеткіштерге ие болғандары үшін асханалар мен ресторандар тресінің Құрмет тақтасына: аспазыштар С. Фомичева, А. Петрова, сатушылар Мырзаханова, Матвеева жолдасстар бұлармен бірге қаладағы сауда және кулиария мектебін былай бітіріп шыққан Зинаида Каинова жолдасстың есімі де жазылды.

Асхана коллективінің қол жеткен табыстарымен бірге кемшіліктері де жоқ емес. Тағамдардың ассортименті бізде әлі де болса жеткілікті мөлшерде дайындалмайды. Бұл жағдай асхана кухнясының тарлығы садрларын туып отыр. Мұндай қиыншылықтан шығу мақсатымен біз асхана кеңесі тұрған бөлмені қосу есебінен кухняны кеңейтуді ұйғардық. Ол үшін, біз қалалық Совет атқомінен жөнсеге орын беруді сұрамақпыз.

Совет саудасының мәдениетін арттыра беруге және тұтынушылар тілектеріне сай жұмыс істеу жолындағы социалистік жарыс туып бұдан былай да жоғары ұстап, көпшілік тамақтанатын асханамыздың жұмысын қайта құратын боламыз. Бұл үшін бізде күш-мүмкіншілік жеткілікті.

Е. ФЕДОТОВА,

Қаладағы № 3 асхананың директоры.

Тұтынушылар тілегін қамтамасыз ету үшін

Еңбекшілердің күн санап өсіп отыратын мәдени тұрмыс тілектерін барынша

мол 843 мың сомның азық-түлік товарларын сатылды.

станциясын сатып алып, жаңадан дүрмен, мүгедектер үшін 12 пәтер-үй салды. Мұнда толған сайын колхозшылардың еңбекшүндеріне ақшалай аванс беру әдіске айналдырылған. Облыста ұйымдастырылған 12 жаңа совхоздың жетеуі Октябрь ауданында. Бұрынғы шаруашылықтары қоса есептегенде совхоздардың жер көлемі ауданының егіс көлемінен басым орын алады. Сондықтан конференция делегаттарының жаңа шаруашылықтардың ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударуы түсінікті. Жаңа совхоздарға 3100 патриоттар келді.

Еліміз ауданның совхоздарына жаңа техниканы көптеп беруде. Устіміздегі жылы жаңа совхоздар 260 трактор, 130-дай комбайн, 2 мыңдай автомашиналар және басқа да көптеген ауылшаруашылық құрал-жабдықтарын алды. Көсір жаңа совхоздар да кадрлар да, тех-

құрылыс мәселелеріне арнады. Олардың көтеру, оны жұмыстау және өндірістік жұмыстардың басқа да түрлерімен бірге құрылыс жұмыстарын ұнғастыра жүргізуді талап етті. Жаңа жерлерге қоныстанушыларды орналастыру мәселесін әлсіретуге болмайды. Аудандық партия комитеті, облыстық ұйымдар жаңа жерлердегі құрылыс жұмыстарына басшылықты жедел жақсартуға тиіс. Конференция делегаттары құрылыс жұмыстарын ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Үстіміздегі жылы күрделі құрылыс жұмыстары үшін совхоздарға бөлінген 25 миллион сом қаржының небары 15 миллионы ғана пайдаланылды. Кейбір шаруашылықтарда және құрылыстар салу жөніндегі инициативалар жеткіліксіз қолдау тауып отыр. Тек қана үш совхозда—Докучаев атындағы, Дзержинский атындағы және Интернационал

аз оқыды. Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, облыстық Совет атқамынның председатели Осипов жолдас қатысты. Жарыссөзде барлығы 25 адам сөз сөйледі.

Конференция аудандық партия комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп тапты. Аудандық партия комитеті мен тексеру комиссиясының жаңа құрамы сайланды.

Бірінші ұйымдастыру пленумында аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына—Потютко, екінші секретарлығына—Корнич, МТС-тер және совхоздар аймақтары жөніндегі секретарлары болып—Базарбаев, Ыбраев, Мальцев, Мелентьев және Телюк жолдасар сайланды.

дастар да қажырлы еңбек етіп жүр
Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Сайлау қарсаңындағы үгіт
«Аралағаш» ауылшаруашылық артелинде (Совет ауданы) Қазақ ССР халық соттарының сайлауы қарсаңындағы үгіт жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Колхозда үгіт пункті ұйымдастырылды. Мұнда саяси және көркем әдебиеттер, газет-журналдар, шахмат, дойбы, доминолар бар. Үгіт пункті сайлаушылардың сүйікті орнына айналды. Жуырда «Совет соты—дүние жүзіндегі ең әділетті сот» деген тақырыпта әңгіме өткізілді. Үгітшілер Кабышев, Амантаев жолдас-тар халық соттарының сайлауы жөніндегі Ережені колхозшыларға жан-жақты түсіндірді.

О. ҒАБДУЛЛИН.

Совет сотының тәрбиелік ролі

Коммунистік партия және Совет Үкіметі социализммен коммунизмге қарай бірте-бірте өту кезеңінде алға қойған тарихи міндеттерді жүзеге асыруда біздің мемлекетіміздің шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбиелік міндеттерін оған әрі нығайту ісі маңызды роль атқарады.

Мемлекеттік органдарда шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізу міндеттері совет азаматтарына коммунистік тәрбие беруді күшейту жөнінде маңызды шаралардың жүзеге асырылуын талап етеді.

Совет азаматтарын коммунизм ісіне берілгенді рухта тәрбиелеуде Совет Одағының қоғамдық және мемлекеттік құрылысының күзетінде тұрған совет соты айтарлықтай жұмыс жүргізіп келеді. ССРО-ның, одақтық және автономиялық республикалардың сот құрылысы жөніндегі заңның 3-статьясында былай делінген: өзінің бүкіл қызметімен сот ССРО азаматтарын Отанға және социализм ісіне берілгенді рухта, совет заңдарын нақты және мүлтіксіз орындай отыру рухында, социалистік меншікке ұмышты көзқарасқа, еңбек тәртібіне, мемлекеттік және қоғамдық борышқа адал болуға, социалистік қоғам ережелерін құрметтеуге тәрбиелейді.

Совет соты пролетариат диктатурасының аса маңызды құралы болып табылады. Еңбекшілердің коммунистік санасын қалыптастыру—Совет мемлекетінің аса маңызды міндеті. Бұл жұмыстың құрамды бөлігі әділ сотты жүзеге асыру болып табылады. Совет соты қылмыстық жазалау шараларын қолдана отырып, қылмысты адамдарды жазалап қана қоймайды, сонымен бірге оларды түзетуді, дұрыс жолға салуды және қайта тәрбиелеуді де өзіне мәжбүр етіп қояды. Михаил Иванович Калинин совет прокуратурасының он жылдығына арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзінде былай деген-ді: «...Сот рычагының социализмді ойдағыдай құруда бірінші дәрежелі маңызы бар. Тіпті бір-ақ рет сотталған адамды алып қара-

ңыз, ол сізге мынаны айтады және оны өзіңіз де түсінесіз, сот процедурасы, сот қарарының өзі бұл адамның есінде беріп сақталады, онда мәңгілік із қалдырады. Ал бұл процесс адамның есінде қалатын болса, соншалықты бұл процестің адамның психологиясына, оның келешектегі мінез-құлқына тигізетін әсері зор болуға тиіс» («Советский юрист» № 20, 1931-жыл). Совет соты өзінің тәрбиелік ролін тек заңды қатаң қолданып отыру арқылы ғана жүзеге асыра алады және заңды тек осылай ғана жүзеге асырумен ғана ол өзіне партия мен үкімет жүктеген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ете алады. Сот социалистік заңдылықты нығайту және оны бұзушылармен күрес жүргізу құралы болып табылады.

Совет сотының аса маңызды және аса жауапты міндеті еңбекшілер бұқарасының санасына заңды және право тәртібін құрметтеуді енгізу болып табылады. ССРО Конституциясының 130-статьясында ССРО-ның әрбір азаматы Советтік Социалистік Республикалар Одағының Конституциясын сақтауға, заңдарды орындай отыруға, еңбек тәртібін сақтауға, қоғамдық борышқа адал қарауға, социалистік қоғамның ережелерін құрметтеуге міндетті делінген. Мұнымен Конституцияда социализммен коммунизмге өту кезеңінде еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің аса зор маңызы бар екені көрсетілген. Дамуымыздың кезіргі сатысында еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің зор маңызы БК(б)П-ның XVIII съезінің қарарларында терең байымдалды. В. М. Молотов жолдас партияның XVIII съезінде арасан баяндамасында еңбекшілерге социалистік меншікті және мемлекетті нығайту рухында тәрбие беру жұмысын күшейтпейінше артта қалған адамдарды коммунизмнің саналы және белсенді құрылысшылары етіп шығаруға болмайды деп көрсетті.

И. В. Сталин совет мемлекетінің дамуының екінші фазасындағы міндеттеріне сыйпаттама бере келіп, оның шаруашы-

лық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбиелік міндеттері сақталды және толығымен дамыды деді. Мұнда совет сотының міндеті де көрсетілді. Совет мемлекетінің социалистік заңдылықты нығайту жөніндегі жұмысы советтік мемлекеттік органдардың мәдени-тәрбиелік қызметтерімен тығыз байланысты.

Совет мемлекетінің шаруашылық және мәдени құрылыс жөніндегі барлық шаралары социалистік берік право тәртібі негізінде совет заңдары мен басқа да праралық актілер арқылы жүзеге асырылады. Советтік право социалистік қондырманың бір бөлігі ретінде қалыптасып болған қоғамдық қатынастарды бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге оларды белсенді түрде нығайтып, алға өрлетеді. Коммунистік партияның саясаты мен бүкіл совет халқы еркінің жөрігісі бола отырып, біздің заңдарымыз Совет мемлекетінің мүдделерін, сондай-ақ, ССРО еңбекшілерінің мүдделерін қорғайды, әрбір совет адамының Советтік Конституцияда жазылған ұлы праволарын қорғайды. Совет заңдары советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысты оған әрі нығайтуға бағытталған.

Совет мемлекетінің коммунистік қорғамға қарай бірте-бірте өтуді жүзеге асырудағы творчестволық ролінің аса маңызды көріністерінің бірі мынада: ол (Совет мемлекеті) социалистік заңдылықты жариялап қана қоймай, оны қандай да болмасын бұзушылық пен бұрмалаушылықтан қорғап отырады, советтік право нормаларын барлық азаматтардың да қатаң сақтауын талап етіп қоймайды, сонымен бірге оларды барлық азаматтардың орындауына қажетті материалдық және моральдық-саяси жағдайларды қамтамасыз етеді. Міне, сондықтан да Совет мемлекеті социалистік заңдылықты бұрмалаушылықпен аяусыз күрес жүргізіп отырады. Партияның XIX съезінде жасаған есепті баяндамасында Г. М. Маленков жолдас былай деді: «Үлкен қырсық мынада: бізде партия қарарлары мен совет заңдары өздері үшін міндет емес деп

санайтын, бізде екі тәртіп бар: біреуі—қатардағы адамдар үшін, ал екіншісі—басшылар үшін деп жорамалдайтын талай қызметкерлер бар. Мұндай «басшылар» оларға бәрін істеуге рұқсат, олардың мемлекеттік және партиялық тәртіптерімен санаспауына, совет заңдарын бұзуына, басыздық істеуіне және жүгенсіздік жасауына болады деп есептейді».

Социалистік заңдылықты және мемлекеттік тәртіпті нығайту мәселелері Совет мемлекеті органдарының идеологиялық жұмыстарын оған әрі арттыру міндеттерімен тікелей байланысты. Азаматтардың советтік право нормаларын орындауы халықтың материалдық және мәдени дәрежелерінің ұдайы артуымен, коммунистік тәрбие жұмысымен, сендіру әдісімен және одан кейін зорлау шараларымен қамтамасыз етіледі. Зорлау шараларын жүзеге асыруда маңызды ролді совет соты атқарады. Бірақ оның бар қызметі тек зорлаумен ғана шектелмейді.

Советтік мемлекеттік органдар системасында совет соты маңызды орын алады. Совет соты социалистік мемлекеттің дамуының барлық салыларында да пролетариат диктатурасының қуатты құралы болып отырды. Ал пролетариат диктатурасының осы құралы арқасында біздің елімізде социалистік заңдылық пен право тәртібі нығайды.

Капиталистік қоғамда «заңдылық» деп аталатын нәрсе жеке меншікті, капиталистер мен помещиктердің меншігін қорғайды. Қанаушы тап үстемдік еткен қоғамда заңдылық әрқашан да үстем таптың мүдделерін қорғаушы болып отырды. Қанаушы таптар үшін право әрқашан да еңбекшілерге өз еркін тағатын, оларды өзін жаншатын, оларды өз мүдделеріне бағындыратын құрал ретінде қызмет етіп келді және кезір де солай қызмет атқаруда.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі нәтижесінде жасалған социалистік заңдылық өзі пайда болған алғашқы күндерден бастап, біздің еліміздің еңбекшілерінің еркі мен мүддесінің жөрігісі болып келді және кезір де солай болып отыр. Социалистік заңдылық

қоғамымыз өту үшін тұтысқан қоғамныңтік партиямыз бен үкіметіміз зор қамқорлық көрсетіп келеді.

Міне, сол қамқорлыққа бөленген біздің қала еңбекшілерінің де мәдени тұрмыстары жақсарып, тұтыну тілектері қунасқан сайын арта түсуде. Еңбекшілерді мәдениетті қамту, оларға жоғары сапалы азық-түлік товарларын көптеп сатуға біздің № 3 шаруашылық есептегі магазин коллективі үстіміздегі жылы да едәуір жақсы көрсеткіштерге ие болуда.

Жылдың өткен тоғыз айында кондитер, мажоронның тұр-түрлері, балық, консерві, нан-бұлға, май тағы басқа тағамдардың көп түрлерін сатып, 6 миллион 600 мың сом кіріс табуды міндеттенген едік. Бұл міндеттеме аброймен орындалды. Белгіленген уақытта 6 мил-

тұтынушылар тілектерін бұлжытпай орындап, оларды мәдениетті қамту жолындағы социалистік жарыста Андрей Салыков, Августа Лузина жолдасар басқаратын бригадалар және сатушы Гайна Әубәкірова жолдасар үздік алды келеді. Олар айлық жоспарды үнемі 150-175 процентке дейін артығымен орындап жүр.

Еңбекшілердің өскелең тілектеріне сай жұмыс істеп, оларды мәдениетті қамтуды отырып, азық-түлік товарларын бұдан былай да көптеп сатуды өзіміздің басты міндетіміз деп есептейміз. Міне, сондықтан да алған міндеттеменің аброймен орындалуы жөніндегі күресті күшейте түсудеміз.

Е. ГЕРАСИМОВА.

Қаладағы № 3 шаруашылық есептегі магазиннің меңгерушісі.

Халық сайлайтын совет судьясы халықтың сенімін қадірлеуге міндетті. Басқаларды соттауға және тәрбиелеуге тек формальды ғана емес, сонымен бірге моральдық та правоға ие болу үшін совет судьясы моральдық жағынан таза және мінез-құлқы, іс-әрекеті жағынан кіршіксіз адам болуға тиіс. Судьяның қызметтегі оқалықтары және лайықсыз қылықтары соттың беделіне нұқсан келтіреді және әділ сот ісіне зиян шектіреді. Халық судьялары өздерінің жұмысымен сайлаушылар алдында жауап беріп отырады. Егер олар сайлаушылардың сенімін ақтай алмаса, онда мұндай судьялар мерзімінен бұрын қызметтен алынады. Халық судьялары халықпен тығыз байланысты. Сот органдарының күнделікті жұмысының өзі халықтың үнемі бақылауымен жүріп отырады.

Социалистік заңдылықты әрдайым нығайтып отыру—совет адамдарының социализммен коммунизмге қарай бірте-бірте өту кезеңіндегі тамаша қажырлы еңбегінің жемісі болуының қажетті шарты. Совет халқының социалистік тәртіп пен өзара тәртіп рухында тәрбиелеу ісінде және адамдардың санасындағы капитализмнің қалдықтарын жою ісінде совет сотының міндеті орасан зор.

ССРО-ның, одақтық және автономиялық республикалардың сот құрылысы жөніндегі заңда ССРО-дағы әділ соттың міндеті—барлық мемлекеттік, ұйымдардың, лауазымды қызметкерлердің және азаматтардың совет заңдарын бұлжытпай орындауын қамтамасыз ету деп көрсетілген.

ССРО-дағы әділ сот азаматтардың әлеуметтік, мүлкітік, қызметтік жағдайларына, ұлттық және пәсілдік тектеріне қарамастан барлық азаматтарға бірдей және тең сот арқылы жүзеге асырылады. Советтік Конституция судьялардың төуелсіздігін және олардың тек заңға ғана бағынатындығын шын мәнісінде қамтамасыз етті. Совет соты нағыз демократияшы сот болып табылады. Ол социалистік демократизм принциптері негізінде құрылған және сот принциптері негізінде жұмыс жүргізеді.

Совет сотының негізгі демократиялық принципі судьялардың сайланатындығы болып табылады.

Барлық соттарда да іс қарау (заңда арнаулы көрсетілген кей жағдайларды есептегенде) халық заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Ал соттың жариялылығы—сот ісінің көпшіліктің қатысуымен қаралуы деген сөз. Бұл жағдай бүкіл сот процесінің тәрбиелік маңызын арттырып, сотты қоғамдық пікірдің шын мәніндегі бақылауына қояды.

В. МАМЫРБАЕВ.

Петропавл мұғалімдер институтының директоры, заң ғылымдарының кандидаты.

Мал қыстатуды алғашқы күндерден бастап үлгілі ұйымдастырайық

Озат мал өсірушілердің табысы

Іске икемсіздіктің салдары

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы «Красный пахарь» колхоздары үстіміздегі жылы қоғамдық малды, әсіресе сауын сыйырларды бағын, вуту ісін едәуір жақсартты. Жас айларында мал жайылымдық учаскелерге кезек бағылады. Сонымен бірге сыйырларды көкшөпшен, концентратпен азықтандыру ұйымдастырылды. Мұның өзі сыйырлардың сүттілігін арттыруға жағдай туғызды.

Мәселен, Сталин атындағы колхозда өткен 10 ай ішінде орта есеппен әрбір сауын сыйырдан 2000 килограмм, «Красный пахарь» колхозында — 1748 килограмм сүт сауылды. Бұл өткен жыл ішінде сауылған сүттен және бийылғы әрбір сыйырдан сүт алудың жоғары мөлшерінен едәуір артық. Сонымен бірге сүттің майлылығы бұрынғыдан көп жоғары болып отыр.

Сыйырдың сүттілігін арттыруда озат сауыншылардың табыстары ерекше. Сталин атындағы колхоздың озат сауыншылары Анна Лисс, Анна Дрелинг жолдастар өздеріне бекітілген сыйырлардың әрқайсысынан 2326-2414 килограмм сүт сауды. Олар сыйырды саууға алдыңғы қатарлы сауыншылардың іс тәжірибелерін кеңінен қолданды. Сыйырлардың сауылу мерзімдерін дұрыс сақтап, олардың желінін, емнектерін күште зоотехникалық ережелерді мұқият қолдана білді.

Сталин атындағы колхозда мұндай көрсеткіштерге жетісін келе жатқан мал өсірушілер көптеп саналады. Бұзау күтуші М. Ломан жолдас өзі бағын, күткен 25 бұзаудың әрқайсысының төуліктік салмақ қосын 771 граммға жеткізді. Қазақ ССР-нің социалистік мал шаруашылығының еңбек сіңірген шебері А. Петров жолдас басқарған шошқа фермасының коллективі соңғы үш жыл бойына әрбір мегежінен 18 торай алып келеді. Шошқа басын көбейтуде әсіресе Е. Яковлева, М. Авдеева жолдастар қажырлы еңбек етіп жүр. Олар жыл сайын өздері өсірген шошқаның бірде-бірінің шығынға ұшырамауына және олардың қонды болуына жетісін келеді. Бийыл фермада 300 шошқалық жаңа стандартты қора салынып, пайдалануға берілді. Оның едені цементтелген, іші жылы, өрі жарық. Көзір шошқа күтушілер мегежіндерді торайлату мерзімін бұрынғыдан да жылдатып сүттің шараларын жүзеге асырып отыр. Осыған байланысты келесі жылы ферманың жалпы табысы бийылғыдан үш есе артатын болады.

Мал өсірушілер мал басын көбейту, оның өнімдерін арттыру күресінде жаңа табыстарға жете беру мақсатын көздеп, мал қыстатуды ойдағандай ұйымдастыруда.

Молотов атындағы колхоздың (Совет ауданы) мүшелері бийыл қоғамдық мал үшін жемісін дайындау жұмысын ұйымдылықпен жүргізді. Сөйтіп жемісінтің қысқы маусымға толық жетерліктей қорын жасады. Бірақ колхоз басшыларының шаруашылықты ұйымдастыруға икемсіздігінен дайындалған шөттің басым көпшілігі осы уақытқа дейін мал қоралары жанына тасылмай қалды.

Рас, колхоз басқармасы мал қоралары жанына шөп, сабан тасуға арнаулы күш-көзді бөлді. Амаз не, бөлінген күш-көздіктерді тиімді пайдалану ұйымдастырылмады. Колхоз председатели Т. Жұнысов жолдас шөп тасуда жүрген колхозшыларға күндіз тапсырмалар беруді және ол тапсырмалардың орындалуын күнбе-күн қадағалап отыруды ескермеді. Осының салдарынан мал қолда күтіле бастағанға дейін фермаларға небары 1000 центнердей ғана шөп тасылды.

Мал азығы қорын сабан-топан есебінен толықтыру ісінде де колхоз басшылары мән бермеді. Мал қоралары жанына тасылған сабан өте мөте аз. Ол — ол ма, тіпті Обуховка учаскісіндегі 300 гектардан астам дөңді дақылдар егінінің сабан-топаны жыйналмастан қар астында қалды. Ал мал азығының балансында құнарлы жеміш, тамыр-жемістер, дөңді азықтар жоқтың қасы.

Колхоздың барлық фермаларындағы мал қоралары өте ескірген. Осыған байланысты колхозшылар үстіміздегі жылы жаңа мал қораларын салуды жоғарыдағы бекітілген арналармен берілген сабанды мал сүйсініп жемейді, оның көбін басып, ластап тастайды. Міне, осыған қарамастан колхозда сабан-топанды алдын-ала малға әзірлен беру шаралары ойластырылмаған. Бірде-бір фермада сабантұрағыш және буландырығыш жабдықтар жоқ. Ал бұған не колхоз басшыларының, не осы колхоздың әзірлен беру шаралары ойластырылмаған. Бірде-бір фермада сабантұрағыш және буландырығыш жабдықтар жоқ. Ал бұған не колхоз басшыларының, не осы колхоздың әзірлен беру шаралары ойластырылмаған. Бірде-бір фермада сабантұрағыш және буландырығыш жабдықтар жоқ. Ал бұған не колхоз басшыларының, не осы колхоздың әзірлен беру шаралары ойластырылмаған.

Бұл колхоздың фермаларындағы барлық мал қыс бойы құдықтан суарылады. Сондықтан фермалар жанындағы құдықтарды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру колхоз басшыларының негізгі міндеттері-

нің бірі еді. Амаз қанша, олар бұл міндетті мүлдем ұмытып қетті. Ферма жанындағы құдықтардың бірде-бірі тазартылған жоқ. Құдық басына науа, су тартатын шығырлар орнатылмады. Мұның өзі өткен қыстағыдай судың бийыл да тапшы болу хауыпін туғызуда.

Мал қыстатудың алғашқы күндері, әсіресе сыйыр малы фермасында әзірліктің нашар екендігін көрсетті. Мұнда қоралар жанына тасылған шөп, сабан өте аз. Қоралардың көпшілігі толық жөндеілмеген. Мал күтушілер қатары толықтырылмаған. Ферма меңгерушісі М. Ескендіров жолдас іске басылық етуде қабілетсіздігінен және оның еңбекті ұйымдастыра алмауынан мұндағы малшылар жиі ауыстырылады. Малды күтіп, бағу жөніндегі жұмыс күнінің тәртібі берік сақталмайды. Жөкелеген мал күтушілер жұмысқа уақытылы шығып отырмайды.

Колхоз басшылары мал қыстату басталмас бұрын мал азығын үнемдеп жұмсаудың шараларын белгілеген болатын. Барлық фермаларда күнделікті жұмсалатын азықты өлшеп беріп тұруға арнаулы адамдар да бөлінген. Бірақ мал қыстатудың бірінші күнінен бастап бұл шаралар жүзеге асырылмай келеді. Күнделікті жұмсалатын мал азықтарын өлшеп беретін таразы жоқ. Осының салдарынан мал азығы өлшеусіз, қалай болса солай жұмсалап отыр.

Малға сабанды алдын-ала әзірлеп берудің маңызы ерешіе зор. Туралмай, нәрлендірілмей, басқа құнарлы азықтарға араластырылмай берілген сабанды мал сүйсініп жемейді, оның көбін басып, ластап тастайды. Міне, осыған қарамастан колхозда сабан-топанды алдын-ала малға әзірлен беру шаралары ойластырылмаған. Бірде-бір фермада сабантұрағыш және буландырығыш жабдықтар жоқ. Ал бұған не колхоз басшыларының, не осы колхоздың әзірлен беру шаралары ойластырылмаған. Бірде-бір фермада сабантұрағыш және буландырығыш жабдықтар жоқ. Ал бұған не колхоз басшыларының, не осы колхоздың әзірлен беру шаралары ойластырылмаған.

Мал қыстату — мал шаруашылығындағы ең жауапты кезең. Сондықтан малдың қолда-қорада күтіле бастаған алғашқы күндерінде жөндеу жұмыстарын жемісіндіктерді іс үстінде жөндеу шұғыл шараларын жүзеге асыру қажет. Сөйтіп, мал қыстатуды үлгілі өткізуге барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыру керек.

К. ҚУАНЫШОВ.

Мал жылы, жайлы қораларға орналасты

Киров атындағы колхоздың (Преснов ауданы) мүшелері қоғамдық малды қыста жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етуде едәуір жұмыстар істеді. Барлық мал қораларын сәлалы жөндеуден өткізді. 200 сыйырлық бір қораның, 50 бұзаулық үйдің құрылыс жұмыстарын аяқтап, оларды пайдалануға берді.

шылықтар туғызды. Өте суық күндері малды, әсіресе, жас төлдерді көле айдау өте қолайсыз болды. Бұл жағдайды болдырмау үшін колхозшылар бийыл сыйыр малы фермасы жанындағы ескі құдықты жөндеді. Құдықтың басына ұзындығы 4 метр науа, су тартатын шығыр орнатты.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Котовтың қысымы

Петропавл элеваторының директоры Е. Котов партияның ашық жыйналысынан үйге келген соң бірден ұйықтап кете алмады. Оның көз алдынан жыйналыста Котовтың басқару әдісін қатаң сынаған жұмысшылардың бейнелері бірінен соң бірі өтіп жатты. Әресе, жүк тиісуші Якутованың:

—Сіздің элеватордағы жұмыстың дұрыс ұйымдастырылмауына жалған себептер іздеп, жыйналыста отырған осыныша көпшілікті алдауға қалай батылыңыз барады? Дұрыс басшылықтың болмауы салдарынан жұмысшылардың қажырлы еңбегі желге кетіп жатқанмен бірдей болып отырған жоқ па? Вагондардың бос тұрғандығы үшін ғана элеватордың 56 мың сом зыян тартқанын қайда қоймақсыз, — деген сөздері оның мазасын алып, жүрегіне икедей қалды.

—Басшы адамды сынауға бұлардың батылы қайдан барады, — деп назаланды ол. Бұдан кейін ол Якутовқа жасаған өзінің қысымын, жолсыздықтарын есіне түсірді.

Якутова элеваторда жұмысшылардың еңбегін қорғаудың дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан науқастанған кезде ол директордан өзін жеңіл жұмысқа ауыстыруды өтінген болатын. Якутованың бұл орынды өтінішіне Котов жолдас:

—Менде жеңіл жұмыс жоқ, ал дәрігердің анықтамасын сатып алуға да болады, — деп жауап берген-ді. Бұдан кейін ол Якутованың кезекті демалысқа шығуын көпшілігінен, өзі және қойма меңгерушілері Васильев пен Федоров болып, өздерінің жұмысындағы көпшіліктерді сынағаны үшін Якутованы «есі дұрыс емес» деген өсек таратқандарын есіне түсірді.

—Міне, Якутованың мені не үшін сынағандығын енді түсіндім. Ол менен өш алмақ қой, бола қоймас, — деді ақырында бір топтамаға келгендей болған Котов.

Бірақ Котов жолдас өзінің осы жолсыздықтарын есіне түгел түсіре отырып, одан дұрыс қорытынды шығармады. Ол жұмысшылардың орынды сынын өзінен өш алмақ болғандардың әрекеті дейтін өкіренді. Сондықтан да ол элеваторды басқару жұмысындағы оның жарамсыз басшылық етіліні сынағандарды құрығып ұшыратуды әдетке айналдырған. Ал мұның өзі іске керісінше әсер етуде. Шындығында, бұл элеватордағы жолсыздықтарға жол бергісі келмеген адал адамдардың сыны. Котов бұдан орынды қорытынды шығарып сынга қулақ асуға тиіс.

И. САРАЕВ.

Газеттерімізді уақытында жеткізіп тұрса екен

Киров атындағы колхоздың (Преснов ауданы) басшылары хат тасушы етіп колхозшы А. Зеленский жолдасы таға йындағанына біраз уақыт болды. Бірақ

Медицина соқыр сенімге және бақсылыққа қарсы күресте

Жаратылыстану мен медицинаның барлық жетістіктерін кеңінен пайдаланатын халықтың денсаулығын сақтау ісі Совет Одағында бұрын-соңды болып көрмеген жоғары дәрежеге көтерілді. Совет азаматтарының басым көпшілігінің қажет болғанда емделіп, дәрігерлерден тиісті көмек алатын мүмкіншіліктері бар. Алайда ескі ұғымдарға, соқыр сенімдерге, атап айтқанда, ауруды емдеудің бақсылық әдістеріне сенетін кейбір адамдар әлі де кездеседі.

Бақсылық дегеніміз не? Ол — ауруды ғылыми-медициналық даярлығы жоқ адамдардың «емдеуі», ғылыми ережелерге негізделмеген, қайта нағандыққа, сенімшілікке және соқыр сенімге сүйенетін әдістермен және амалдармен «емдеу». Бақсылықты халықтық медицинадан айыра білу керек; халықтық медицина — өте пайдалы, өйткені ол көп реттерде аса бағалы дарулық заттарды және емдеудің айнаурлым әсерлі тәсілдерін пайдаланады. Ғылыми-медицина бірсыпыра халықтың дәрі-дәрмектердің пайдалы екенін мойындайды және оларды ауруды емдегенде қолданудың мөлшерін дәл зерттей отырып, бұл дәрі-дәрмектерді емдеу мекемелерінің практикасына кеңінен енгізуде. Мысалы, мұндай дәрі-дәрмектерге мыналар жатады: көш пісті гүлдің ерітіндісі, жень-шень («өмір тамыры»), шиядан, сарымсақтан, қышқандан алынған фитонцид деп аталатын заттар және басқа дәрі-дәрмектер.

Ал бақсылыққа мүлдем басқалға қарау керек. Оның негізі нағандық болып табылады. Бақсылықтың пайда болған себебі мынау: адам ауруларға қарсы күресуге мүмкіндік алу үшін жеткілікті мөлшерде білімді бірден жыйнақтай алған жоқ. Алғашқы қауымның адамы өзінің айналасындағы құбылыстың бәрін бірден жете түсіне алмады. Күннің күркіреуі, найзағай, барлық бақытсыздық пен аурулар оған белгісіз бір күдіретті күштің әрекеті болып көрінді. Егер адам ауыратын болса оны перінің қашары соққан деп есептелді, тағысын тағылар.

Алғашқы қауымның адамдары мұндай адамды емдеуге болмайды, өйткені ауруды емдеген кісіні пері соғуы мүмкін деп санады. Мұндай ескі ұғымдарға сену өте қиынсыз, әрі барып тұрған аңқаулық еді, дегенмен ондай жоққа сенушілік болғаны рас. Мысалы, жарық деген сөз қайдан шыққан? Жарық адамның аурудан қыйналуының себебі оның ішкі дене мүшелерін перілер жемірін жатады (грызет) делінді. Ерте заманда жарықты емдеу, періні құлып шығу үшін «адамның ішіне темекі түтінін жіберіп клизма қою» керек деп саналған.

Ғылыми білімдердің болмауы және діни ескі ұғымдарға сену барлық құбылыстарды, оның ішінде ауруларды да күлді дүң күдіретімен болады деп түсіндіруге әкеліп соқты. Мұның бәрі ауруларды «күдіретті күштің» көмегімен емдеп, жауға тырысуға жеткізді.

уақтың жас саңырығы қолданылды, ал қансырағанда дауа оқумен «қан тоқтатылды», ал мұның өзі сөздердің ешбір мазмұнсыз жыйнағы болатын.

Мұндай сөз жыйнағының қанды тоқтата алмағанын дәлелдеу қажет пе! Ал оның бер жағында, «дауа оқу» ауруларды емдеуге көмектеседі деп сенетін адамдар осы уақытқа дейін бар екені мәлім. Капиталистік мемлекеттерде әртүрлі аурулардан сақтандырады-мыс деп есептелетін әртүрлі тұмарлар сатып алуға болатын монастырлық дүкендер осы күнге дейін бар.

Капиталистік елдердегі ақылды медициналық көмек тек дәулетті адамдарға ғана емделуге мүмкіндік береді; халықтың қалың бұқарасының медициналық көмек алуға мүмкіндігі жоқ, ал бұл оларды бақсыларға барып емделуге мәжбүр етеді. Бақсыларға жол бермеу былай тұрсын, көп реттерде тілгі жария етіледі. Халықтың санитарлық білімінен сауатсыздығы мен ауруға шаадығудың көпшілі бақсыларға сенушілік туғызды. Мысалы, АҚШ-та семьялардың бестен төрті медициналық көмек ала алмайды, ал фермерлер мүлдем дерлік медициналық көмек алмайды, бұл бақсыларға өздерінің «емшілік» дәрі-дәрмектерін кеңінен таратуға мүмкіндік туғызды. 1932 жылы Германиядағы бақсылардың жалпы саны 50 мың адамдай болды.

Біздің елімізде дипломы жоқ адамдарға ауруларды емдеуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Советтік медицина бақсылық пен соқыр сенімдерге қарсы белсенді күрес жүргізеді. Ауру организмді зерттеудің ғылыми әдістерімен қаруланған медицина ғылымы ауруды туғызған ең басты себептерді ашып, ауру адамды емдеудің жолдарын анықтайды.

ССРО-да бақсылықтың жойылу себебі онымен шұғылданғаны үшін заң бойынша жазаға ғана емес, халықтың денсаулығын сақтау ісінің кеңінен өркендеуі, медициналық көмекті халыққа жақындату, санитарлық ағарту ісін кеңінен өрістету және, ең алдымен, халықтың мәдени дәрежесінің жалпы артуы, — осының бәрі бақсылардың әрекеттеріне жол бермейді.

Совет Одағында қазір 300 мыңнан аса дәрігерлер және 900 мың орта дәрежелі медицина қызметкерлері бар. Еліміздегі селолық аудандардың 95 процентінен артығында әрбір ауданда кемінде 3 дәрігер бар.

Санитарлық-тазалық сақтау ұйымдарының көбейтуі, жұқпалы ауруларға қарсы күрестің толық жатқан әдістерін жаппай қолдану жұқпалы аурулардың мүлдем жойылуына жеткізді. Совет Одағында шешек, түйеке, оба сыяқты аурулар толығынан жойылды, ал жіңішке аурулар, сүзек және басқа ауыр науқастар түгелінен дерлік жойылды. Бізде халықтың өмірі едәуір жемілі.

Жемшөп көп тасылуда

Октябрь ауданындағы «Интернационал» колхозының мүшелері Боновалов МТС-нің механизматорларымен бірлесе отырып, дайындаған жемшөпті мал қоралары жанына тасу жұмысын қызу жүргізуде. Мұнда шөп пен сабан мал қоралары жанына тракторлармен тасылады. «ДТ—54» тракторымен шөп тасуда жүрген тракторшы С. Дүйсенбаев жолдас күндік нормасын үнемі асыра орындап жүр. Сол сияқты, тракторшы А. Бабаков жолдас та шөп, сабан тасуға «С—80» тракторының қуатын өнімді пайдалануда. Колхозда көзір дайындалған шөп пен сабаның көпшілігі мал қоралары жанына тасылып алынды. Колхозшылар мен механизматорлар жүннің жылы, қардың жұқа кезінде фермаларға мал азығын түгел жемізіліп алуды көздеп, еңбек өнімділігін арттыра түсуде.

Қ. ТІЛЕУБЕРДИН.

Агронмиялық кеңес

Қар тоқтату әдістері

Қысқы агротехникалық шаралардың ішінде қар тоқтату жұмысына үлгілі ұйымдастырудың маңызы ерекше зор. Қыс егістік жерге қардың көп тоқтатылып, көктемде ылғалдың мол болуы тіпті жауын-шашынның аз болған жылдары да егіннен мол өнім алуды қамтамасыз ететіндігін бірсыпыра колхоздардың тәжірибелері анықтайды.

Мысалы, Присірім ауданы, «Новая жизнь» колхозы жаздық бидайға арналған 50 гектар зябьке 1951—1952 жылдары қарды дербесінде және агротехникалық ережелерге сай тоқтатқан болатын. Осының нәтижесінде ауа райының құрғақшылығына қарамастан 1952 жылы колхоз бұл учасқолардың әрбір гектарынан 15 центнерден өнім алды, ал қар тоқтатылмаған учасқолардың гектарынан алынған өнім — 11 центнер ғана болды. Колхозшылар өздерінің бұл тәжірибесіне сүйене отырып, қар тоқтатуды өткен жылы да ұйымшылдықпен жүргізді. Сейтін егін шығымдылығын едәуір арттыра түсті. 1953—1954 жылдардың қысында қар тоқтату жұмысын агротехникалық ережелерге сай жүргізген Конохов ауданының Суворов МТС-і қамтуындағы колхоздарда дәнді дақылдың әрбір гектарынан орта есеппен 10,4 центнерден өнім алды. Егіс алаңдарына қар тоқтату жұмысын жүргізудің түрлі жолдары бар. Қарды орманды алқап жасау арқылы, ықтырма егу арқылы және арнаулы қар тоқтатқыш құралдар арқылы тоқтатуға болады. Ал ықтырмасы жөк күздің егіннен жерлерде қар тоқтату ағыштан, қамыстан, күнбағыса сабағы мен шілікпен жасалған қалқандар арқылы жүргізіледі. Бұл қалқандардың барлығы жел көп болатын жаққа кесе-көденең ұсталады.

Қар тоқтату үшін аса ебейлі құрал — ағаш қалқандар. Олардың биіктігі 1 метр, ұзындығы 1,5—2 метр болуға тиіс.

Сол сияқты, мал өсірушілерді көктем туріметіне жағынан қамту ісі едәуір жақсартылды. Олардың арасында үгіт-бұқаралық жұмыстары үнемі жүргізіледі. Малшылар малды күту, азықтандыру жұмыстарын күнібұрын жасалған жұмыс күнінің тәртібіне сәйкес жүргізеді.

Т. САРБАСОВ.

Мал өнімділігін арттыра беру үшін

Явленка совхозының мал өсірушілері сыйырдың сүттілігін арттыру жөніндегі шараларды қалтқысыз жүзеге асыра отырып, әрбір сыйырдан сүт алудың жылдық жоспарын үетіміздегі жылдың он айы ішінде толық орындап шықты. Осының негізінде совхоз мемлекетке сүт тасырудың жылдық жоспарын көзірдің өзінде 115 процент орындады.

Совхоз коллективі бұл табысты баияды ету мақсатын көздеп, мал қыстатуға ойдарыдай әзірліктен келді. Совхозда 8 мың тонна жай жемшөп, 300 тоннадан астам

тамыржемістер, 3500 тонна сүр азық әзірленді. Бұл барлық малды қыс бойына азықтандыруға толық жетеді.

Көзір мал жылы, жайлы қораларда тұрады. Совхоз басшылары малшылар қатарын тәжірибелі, өз ісін сүйе білетін адамдармен толықтырды. Мал мамандары ферма коллективінің қысқы жұмыстарын зоотехникалық-малдәрігерлік ережелер тұрғысынан ұйымдастыруға жаңды басшылық етуде.

Р. ҚАСЫМОВ.

ға арналған зябьке қар тоқтатудың ең тиімді түрі қарды арнаулы қаржыртқышпен жырту екенін көрсетті.

Қаржыртқыштардың ішіндегі өндірісте сыналған ең қолайлы түрі — Урал селекция станциясы жасаған қаржыртқыштар. Ол қардың биіктігін 70 сантиметрге дейін жеткізіп, жал-жал етіп үйін кетіп отырады және бұлай үйілген қарды жел буза алмайды.

Мұндай қаржыртқыштар трактормен және көлікпен сүйрейтіндей етіп жасалады. Көлік қаржыртқыштары негізінен ағаштан жасалады да, тек қартығыштеріне ғана темір орнатылады, кейде түгелдей темірден жасалады. Көзір мұндай қаржыртқыштарды қаладағы шағын двигателдер заводы, Киров атындағы завод және аудан орталықтарындағы жөндеу заводалары мен өндіріс комбинаттары жалпай шығаруға кірісті.

Мұндай әрбір қаржыртқышпен, көлікпен күніне 8—10 гектар, ал трактормен 60—80 гектар алаңды жыртуға болады. Бір гектар жердің қарын трактормен жырту үшін 2—4 килограмм ғана жанар май керек.

Жер бетіне түскен қардың қалыңдығы 8—12 сантиметрге жетісімен оны қаржыртқыштармен белес-жал етіп жыртуға әбден болады. Белес-жалдарды желдің көп болатын бағытына кесе-көденең етіп жыртқан жөн. Белес-жалдардың қатаралықтарының қашықтығы көлікпен жыртқанда — 5—6 метр, ал трактормен жыртқанда — 8—9 метр болуға тиіс.

Трактор қаржыртқыштары қардың қалыңдығына қарай белес-жалдарды 40—70 сантиметр биіктікте жасайды. Қарды бұдан да қалың тоқтату қажет болса, онда қарды тоғысшала өдіспен жырту керек.

Қар тоқтату жұмысында трактор қаржыртқышын пайдаланудың маңызы ерекше зор.

Мысалы, ағаш қалқандар арқылы қар тоқтатуға жұмсалған бір адамдық күн ылғалдық қарды 252 текшеметрден 330 текшеметрге дейін ұстаса, көлік қаржыртқышымен бір адамдық күн есебіне

едәуір пайда, колхозшылар газет-журналдары мен хат-хабарларын уақытында алып отырмайды. Облыстық газеттің өзі 8-9 күннен кейін қолымызға әзер тиеді.

Әресе № 3 бригадала тұратын колхозшылар газеттерін өте көп алады. Мұның басты себебі: хат тасушы Зеленокий жолдас өзіне жүктелген жұмысқа жауапсыз қарап, бригадала баратын адамдар болса «мына хаттар мен газеттерді сол бригадала тұратын колхозшыларға табыс ете салыңызшы» деп аманатқа тапсыруды әдетке айналдырған. Ал ол газеттер мен хаттардың көпшілігі иелеріне табыс етілмей, көп жөрінгеннің қалтасында жүріп тозады. Бұл жөнінде колхоз бастауыш партия ұйымына өбден мәлім, бірақ партия ұйымының секретары да бұл мәселеге әлі мән бермей жүр.

№ 3 бригаданың колхозшылары өздерінің газеттері мен хат-хабарларының уақытында табыс етілуін талап етеді.

А. МАҚЫШОВ.

240—2080 текшеметр қар тоқтатуға болады. Егер қар тоқтату жұмысы трактор қаржыртқышпен жүргізілсе, бұл көрсеткіш 10.000—12.000 текшеметрге жетеді.

Жұмыстың бұлай жүргізілген түрі өнімді және сапалы болуымен бірге өте арзанға түседі. Урал селекция станциясының берген мәліметі бойынша (жұмыс күшін пайдаланылған материалдарды, жанар майды қоса есептегенде) бір гектар жерге ағаш қалқандармен қар тоқтату 51 сом 20 тыйын, алқала тұрғызу 18 сом 76 тыйын, көлік қаржыртқыштарын пайдаланғанда 14 сом 90 тыйын және трактор қаржыртқыштарымен жүргенде 4 сом 30 тыйын тұрады.

Жоғарыда көрсетілген қаржыртқыштардың жаңа конструкциясы Урал селекция станциясында 15 жыл бойы тексерілген. Түскен қардың қалыңдығы орта есеппен 15—20 сантиметр болса, қар тоқтатылған жерлерде ол 32—45 сантиметр болады, яғни жай аңыздардағыдан 2—2,5 есе артық. Мұның өзі құрғақшылық жылдары дәнді дақылдар шығымдылығын 2 есе арттырады деген сөз.

Қаржыртқыштарды қар соқталанып жататын жылдың күндері пайдаланған аса тиімді. Дегенмен қаржыртқыштарды күздің себілген жерлерге қар тоқтату үшін пайдалануға болмайды. Себебі бұл егістік жерді жалаңаштап, күздің түсіп қалу қаупін тудырады.

Қар тоқтату, әресе Т. С. Мальцев өдісі бойынша жұмысталған парда тамаша нәтиже береді. Оған қарды жылмық күн дері қатонпен нығыздау арқылы жыйнайды. Қатоктың нығыздау жолдары 10—20 метр бос жер қалдырып барып, алмасып келіп отырады.

Егіннен мол өнім алуға тікелей жағдай жасайтын агротехникалық шаралардың бірі—қар тоқтату ісінің үлгілі жүргізілуі үшін МТС, колхоз басшылары осы басты ұйымның кірісулері керек. Жұмыс колхоз басқармасы мен МТС агрономдарының бірігіп отырып жасаған жоспары бойынша жүргізілуі тиіс.

Агроном Н. КУЛАВСКИЙ.

бір «өмішлер» мен «дәрігерсымақтар» пайда болды. Бұлардың өкілдері әуелі дін қызметкерлері болды, ал кейіннен шіркеуден, мешіттен тыс жерде емдейтін бақсылар пайда болды.

Емші-бақсылар ауруларды «жынын шақырып» емдеді және олардың «жер-ананың сыбырын» ести алатын қасиеті бар-мыс деп есептелді. Олар түрлі шөптердің сыры мен тілін түсінгенсіп, «дұра оқудың» көмегімен осы шөптерден түрлі ерітінділер жасады.

Патшалық Россияда бақсылар өте көп болды. Хакімдер, тәуілжар, шамандар және басқа бақсылар «өмішілікпен» кеңінен шұғылданып, халықты қанады. Патша үстемдік еткен дәуірде өздерінің «өмішілік қызметі» үшін солтүстіктің халықтарынан шамандардың жылына 40 мыңға жуық бұры жыйнап алғанын айтсақ жеткілікті болады.

Бақсылардың кейбір ауруларды емдеу үшін қолданған әдістері көп реттерде тіпті адамның денсаулығына қауіпті де болды. Мысалы, адамның терісінде пайда болған өртүрлі ісік ауруларды емдегенде денеге қойдың жүні, зығырдың булаған тұқымы, ашыған сүт, қаймақ, ірімшік қойылды, ал жараның бетіне жас қауістан немесе түзделген қауістаның жапырақтары, көк балшық, темекі қойылды. Адамның буынының шығуы, сүйегінің шығуы дұра оқып ұшықтау өдісімен емделді, мұның өзінде адамның мергілкен жері шыққан буынды орнына салу немесе сынған сүйекті дұрыстап қайта орнына қою қажеттігі ескерілместен танылды. Күйікті және үсікті емдеу үшін та-

Совет Одағында медицина ғылымы мен жетістіктері бүкіл халықтың игілігі үшін пайдаланылады. Бұл, әресе, еліміздің шет аймақтарында байқалып отыр. Революцияға дейін ауруханалар мен дәрігерлер өте аз болған Орта Азияда, Закавказьеде және басқа ұлт республикаларында көзір медициналық ғылым зерттеу және оқу институттары, тамаша ауруханалар бар, медицина қызметкерлерінің ұлттық кадрлары тәрбиеленіп өсірілді.

Советтік денсаулық сақтау ісінің қармағында медицина саласында ғылым зерттеу жұмысымен шұғылданатын 255 ғылым зерттеу институты бар. Ғылым медицина қызметкерлерінің, күш-жігері жүрек-қан тамырларының ауруынан, ревматизмнен, тағы басқа аурулардан сақтандыруға және осы аурулардан емдеуге бағытталып отыр. 74 медициналық жоғары оқу орны ғылым жұмыс жүргізуде.

ССРО. Медицина ғылымдары академиясы басқарған медицина қызметкерлерінің орасан зор армиясы совет медицинасының күрделі проблемаларын шешу жолында жұмыс істеуде.

Совет медицинасының ойдағыдай өркендеуі, ғылым тәжірибе мен дүниеге материалистік көзқарасты кеңінен насихаттау, санитарлық-ағарту жұмысын күшейту, денсаулық сақтау ісін онан әрі күшейту, осының бәрі еңбекшілердің денсаулығына зиян жеткізетін бақсылықтың толық жойылуын қамтамасыз етеді.

А. ЧАКЛИН,

Медицина ғылымдарының кандидаты.

Лекция оқылды

Облыстық кітапхананың оқу залында ғылыми-көпшілік тақырыптарға арналған лекциялар жиі оқылып тұрады. Жақында қаладағы мұғалімдер институтының оқытушысы, биология ғылымдарының кандидаты Клар жолдас «Ғылым мен дін адамдардың пайда болуы туралы» деген

тақырыпта лекция оқыды. Лекциямы тыңдауға қаланың өндіріс орындарының жұмысшылары, студенттер мен оқушылар келді. Лекциядан кейін Клар жолдас тыңдаушылардың көптеген сұрақтарына жауап берді.

Ә. СӘЛІМОВ.

Жарияланбаған хаттың дерегі

«Көшербайдың көз бояушылығы»

Редакцияға түскен, газетке жарияланбаған осы тақырыпты тілші хатында Преснов ауданындағы Ортақкөл бастауыш мектебінің мектепшісі Көшербай Жұмабаевтың мектепте оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға жауапсыз қарайтындығы, оқушыларға сабақ беруді қызы Бақытқа қалдырып, өз шаруасымен басқа ауыл

дарға барып, уақытының көпшілігін қыдырумен өткізетіндігі айтылған еді.

Облыстық оқу бөлімі бізге, тілші хаты бойынша тексеріс жүргізгенде, бұл фактілердің толық анықталғандығын хабарлады. Совет жастарын оқытып, тәрбиелеуге немісқурайды қарағаны үшін облыстық оқу бөлімінің кеңесінде Қ. Жұмабаевқа қатаң сөгіс берілген.

Редакцияға түскеннен кейін газетке жарияланбай, тексеріске жіберілген тілші хатында Преснов ауданындағы Николаевка селосының клубында кино көрсету ісі еңбекшілердің тілегіне сай болмай отырғандығы айтылды. Клубтың киномеханигі П. Пунд жолдас билеттерді орын қатарын көрсетпей сататын болған. Кино үнемі көш басталып, сапасыз көрсетіліп келген.

Сол сияқты, балаларға арналған сеанстарда оқушыларға көрсетуге жарамайтын фильмдер көрсетілген.

Облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімі хатта көрсетілген фактілердің толық анықталғандығын, кино-механик П. Пундтың қызметтен босатылғандығын хабарлады.

Орденді мұғалима

Агроном Иван Алексеевич Емельянов партияның шақыруымен көктемде әлі құрылмаған жаңа Булаев астық совхозына қызметке жіберілгенде оның семьясы бұрынғы қонысында —Чистов совхозының екінші бөлімшесінде орынша қалып еді. Өйткені оның жұбайы Антонина Николаевна осындағы жетіжылдық мектептің директоры болып істейтін, оның үстіне семьяда бала-шағалар бар болатын.

Тың жерлерді игеруге шабуылға шыққан бағы адамдардың алғашқы табыстарын Антонина Николаевна зор ынтамен бақылап отырды. Бұл сияқты аса маңызды іске өзінің жолдасы Иван Алексеевичтің де қатысы бар екенін зор мақтанып көрді. Оқта-текте үйге соққанға дөңгелек столда шай құйып беріп отырып, жайдары жүзбен:

—Ваня, сенің жаңа совхозға баруға тілек білдіргенің үлкен аброй болды. Елімізде астықты молайту жолындағы күресте сенің де белгілі үлесің болады, қандай бақыт, —деп өзінің іштей қуанышын кейде білдіріп те қояты.

Ауыр мінезді Иван Алексеевич мұндай да:

—Тоня, менің абройым сен де ортақтасың ғой, —деп қысқа жауап қайтаратын да бір ойға шомылғандай сөз кідіріп қалатын. Содан кейін езу тарта жымылып:

—Біздің совхоздың болашағы үлкен желесі жазда көрерсің оның қандай боғанын... Әлі өзінде сұранарсың бізге келуге, —дейтін.

Күйеуінің соңғы сөздері қалжыңмен айтылып, өз ойының дәл үстінен шыққан жаңа болса да Антонина Николаевна жаңа совхоз қызметкерлерінің балаларын оқытуға деген ниетін көпке дейін ешкімге білдірмей жүрді.

Бірақ бұл жасырын сыр көп ұзамай айқындалды. Июнь айының екінші жартысы болатын. Оқу жылы бітіп, емтихан дәр да аяқталған еді. Шайдай ашық күндердің бірінде Антонина Николаевна мектепті жөндеуге қажетті материалдар жөнінде сөйлесу үшін аудандық тұтынушылар одағына келіп, осы жолы аудандық оқу бөліміне де кірді. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Пещур жолдас өзінде екен.

—Быйыл біздің аудандағы жаңа совхоздарда екі жаңа бастауыш мектеп ашылады, —деді аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі аз әңгімеден кейін.

—Жаңа совхоздарда дейсіз бе? — деді мұғалима қуанғандай.

—Ия, жаңа совхоздарда.

«Жаңа совхоздарда мектепке барып, сондағы кішкентай жаңа қоныстанушыларды оқытып тәрбиелесем, мұнының өзі ұлы іске қосқан үлесім болмай ма, ендеше солай етуім керек» деген шешімге әлде қашан белгіленген бұл ойы олар көзін табан аузында айта қоям деп ойлаған жоқ еді. Алайда, алға қойған іргі мақсатының дұрыстығына көміл көзі жеткен Антонина Николаевна тілегін айт-

керді. Класс бөлмесін штукатурлатып, қабырғаларын ағартты. Бірде-бір көрнекі құрал жоқ еді, олардың бірешпырасын ауданнан сатып әкелді. Ал бірінші класқа керекті әріптер мен цифрлар сыяқты көрнекі құралдарды өзі ақ қағаздан ойып, картонға жапсырды.

Совхоздың құрылысшылары да мұғалимаға көп көмек көрсетті. Аудандық тұтынушылар одағы және көршілес ескі совхоздардың көмек ретінде берген парталары аздық қылды, алты балаға орын жетпеді. Мұны көрген Антонина Николаевна Михаил Мухоминнің бригадасындағы құрылысшыларға келді. Бұл кезде құрылысшылар екінші жабық қырманды салып болуға жақын еді...

Құрылысшылар өз жұмыстарын да қалдырмады, мектепке де жәрдемдесті. Төрт-бес күндей кешке таман келіп, үш парта және екі тақта жасап берді. Әресе, балташылар Иван Олейников, Александр Емельянов сияқты комсомолдер ерекше белсенділік көрсетті.

Қырақтың белесінен әлде қашан асқан егде жасына қарамастан тың жерде жаңадан ашылғалы отырған мектепті оқу жылына дейін жайлы, жарық, жылы етіп әзірлеу жолындағы Антонина Николаевнаның жастық жігермен қолға алған ісі далаға кетпеді. Мектеп 1 сентябрьге қолық әзірленді.

Емельянов жолдас тек өзінің тікелей міндеттерін атқарумен ғана шұғылданып қойған жоқ. Ол механизаторлар мен құрылысшылар арасында жиі болып, оларға түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізді дауыстан газет оқыды. № 5 трактор бригадасында болған осындай бір әңгіменің соңынан жас тракторшылар мұғалимадан келесі әңгімеде Солтүстік Қазақстанның және оны ертеден бері мекендеп келе жатқан қазақтардың өткендегі тарихымен таныстыруды сұрады. Антонина Николаевна олардың бұл тілегін зор ықласпен орындады.

...Совхоз директоры Александр Филиппович Керженер алдағы көктем үшін 24 мың гектар тың жұмысталып, коллектив тұрғын үймен толық қамтамасыз етілген дігі, совхозда магазин, ахана және басқа тұрмыстық құрылыстар салынғанын айтқаны:

—Ал біздің мектебімізші! Көпміз қала мектебінен бір де кем емес. Елтеп тарлау, дегенмен, өте жайлы, —деді.

Керженер жолдаспен бірге біз мектепке келдік. Ол екі пәтерлі стандартты үйге орналасыпты. Екінші жартысында байланыс бөлімшесі бар екен. Антонина Николаевна бізді жылы жүзбен қарсы алып, мектеп жұмысы жайын әңгімеледі.

—Мектепте небары бір комплектті класс бар. Бірден қарағанда оны оқытқыш емес сыяқты, —дейді мұғалима, —бірақ оқушылар әржерден: Москвадан Ярославльден, Кубаньдан, Ленинградтан тағы басқа қалалар мен облыстардан келгендер бірі мен бірі әлі танысып үлгерген жоқ. Ал, егер жас балалармен

Бейбітшілікке жету жолын берік қорғайық!

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының 18 ноябрьдегі кешкі мәжілісінде Илья ЭРЕНБУРГТЫҢ сөйлеген сөзі

Біздің жұмысымыз снарядтар мен бомбалардың маскара түрсілі тоқтатылған жағдайда тұрғын рет жүргізіліп отыр. Барлық бейбітшілікті жақтаушылардың еңбегі де осында.

Бірақ күш жұмсау саясатын жақтаушылар өз мақсаттарынан, әбесте, бас тартқан жоқ. Олар халықтарды ажыратыру және үрейлендіру үшін қолынан келгеннің бәрін істеуде. Олар шамасынан келгенін бәрін істеуде. Бірақ олар енді жерде көп нәрсені істей алмайды. Шығында да, Манила шарты Женева кеңесінің бүкіл маңызын Азия халықтарының санасынан өңіре алар ма? Шығында да, Лондон мен Париж келісімдері «европалық қорғаныс бірлестігінің» маскара болып күйрегенін бекер дей алар ма? Шығында да, күш жұмсау саясатының қайсы бір жақтаушысы, ол қаншама сөзқұмар болғанымен және өзінің дауысы қаншама күшті болғанымен, Индия басшыларының байсалды сөздерін тұнықтыра алар ма? Күш жұмсау саясатының өні сол ерде басталды: саясат қалпында қалып, күш сарқылуда.

Әлеуметтік системалары әртүрлі мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруі қажет екенін көрсеткен біздің дәлелдеріміз саяси жағынан ең артта қалған елдердегі ең артта қалған адамзаттардың санасына жете бастады. Біз мемлекеттердің әрқайсысының хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де, сондай-ақ адамзаттың материалдық және мәдени дәрежесін көтеруге үшін де барлық мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкін екендігін білеміз емес, сонымен бірге олардың ынтымақтасуы қажет екенін де талап етуге тиісіміз.

Европадағы жағдай туралы айта келіп, Эренбург былай деп мәлімдеді:

Күш жұмсау саясатын жақтаушылар мұны соғыс блогін нығайту, қару-жарақты көбейту және, атап айтқанда, Батыс Германияны қаруландыру жолымен жүзеге асыруға болады дегенді айтады. Бірақ, Европаны бір-біріне дұшпан екі блокке бржолата бөлшектеудің нығыс мемлекеттерінің батыс мемлекеттерімен ынтымақтасуына, немесе ең болмағанда олардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруіне көмектесуі екі талай. «Үшмақты одақ» бір кезде Францияға, Англияға, Россияға қарсы бағытталған болатын. Ол басқа блокты — «антританғы» тудырған болатын. Мұның немен тынғанын жұрттың бәрі біледі. «Берлин — Токио — Рим білігі» дүниежүзілік екінші соғысты тудырды. Соғыс блогін қура отырып, батыс державалары Европаны әрдайым аяқтарға желіп соқтырған саясатты көзін оған әрі жүргізуде. Басқа мемлекеттерге қарсы бағытталған соғыс блоктарын құрушы мемлекеттер соның салдарынан экономика мен мәдениет саласында бұл басқа мемлекеттермен адал ынтымақтасудан бас тартып қана отырған жоқ, сонымен бірге олар болып отырған алауыздықтарын ше-

не оны соғыс блогіне енгізуді бейбітшілікпен қатар өмір сүруге немесе бейбітшілікпен ынтымақтасуға көмектесетін шаралардың қатарына қосуға болмайтыны былай тұрсын, қайта мұндай әрекеттер жаңа жағдай тудырады, Европа мен бүкіл дүние жүзіне жаңа қатер төндіреді.

Біз қару-жарақты азайту туралы, армиялары бар мемлекеттерді бірте-бірте қарусыздандыру туралы ақылға сыйымды ұсыныстың қандайын болса да, бұл ұсыныс кімнен жасалса да, қолдауға тиіспіз. Бұл алысты көздейтін мақсат емес, қайта бүгінгі күннің міндеті. Бірақ Батыс Германияны қаруандыру жаппай қарусыздандыруға жеткізетін жол болып табыла ма? Әрине, жоқ, сондықтан да соғыс жолында бейбітшілік табуға болмайтынын отандас азаматтарының есіне салған Эдуард Эррионың айтқан шікірі әбден дұрыс.

Біз: Батыс Германияны қаруандыру Германияны біріктіруге мүмкіндік бермейді деп айтқанбыз және қайталап айтамыз. Бұл барлық жұртқа айкын. Егер жақында ғана «европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы шыққан, ал өзгеріс ағылшын тұрғын құйылғандықтан тамақтан өтпейтін айқын болып отырған бұл таламды бойына сіңіруге келісім отырған кейбір француздар мұны тура айтуға жүзі құйып отырған болса, — бұл туралы америка сенаторы Фландерс былай деп ашық айтты: «Мен Германияны қайта қаруандыру жолымен оны қайта қосуға болады деп санаймын, ал оны дүниежүзілік № 3 соғыс жолымен қайта қосуға болатын шығар».

Герман милитаризмін қайта тудыру Европаның барлық халықтарына, соның ішінде неміс халқына да қатер төндіруде. Міне сондықтан да тиіт Герман Демократиялық Республикасына қандай да болса тілектестік білдіруден тыс алыс тұрған көптеген саяси қайраткерлер: Бивен мен христиандық демократ Меллони, Олленхауэр мен Бельгия сенаторы Ролан Лондон келісімдеріне қарсы наразылық білдіруде. Францияны алатын болсақ, оның көзқарастарын «Нью-Йорк таймстың» Париждағы тілшісі жақын айтып берді: «Францияны осы аптада Германияның батыстық соғыс одағына кіруіне келісімізді қолдайтын, тіпті оқтаулы мылтық кезеңін зорлық жасалған бірде-бір жігіт үйленгім келмейді деп тап осындай қарсылық көрсетпеген болар еді».

Мен, әрине, Францияның тұйықтан шыға алатынына және оның бейбітшілікке ұмтылуын жігерінің өзіне лайықты жолды көрсетіп беретініне көміл сенемін.

Совет Одағы, деді Эренбург бұдан кейін, өзінің Германияны біріктіруге ұмтылып отырғанын мәлімдеді, ол үш батыс державасымен келіссөздер жүргізуді ұсынғып отыр және ол Германиядағы еркін сайлау туралы батыстың ұсыныстарын талқылауға келісіп отыр. Ал оның ұсынысы осы уақытқа дейін келістен қабыл-

панилықтардың ғана емес, сонымен бірге москвалықтардың да көңілін суытты ғой. Бірақ дегенмен де Совет Одағы келіссөздер жүргізу — бұл бірден-бір ақылға сыйымды жол деп көрсетіп отыр. Совет үкметі, Құрама Штаттардың өкілдерін қатыстыра отырып, барлық европалық мемлекеттердің кеңесін шақыруды және бұл кеңесте Европаның хауіпсіздігін қайткенде бірлесіп қамтамасыз етуге болатынын талқылауды ұсынып отыр. Мұндай кеңесте қатысушының қайсымы болса да өз жоспарын ұсына алады. Мәселені талқылаудан неңдей бір нақты және барлық қатысушылардың қабылдауына болатындай шешім туатын болуға тиіс.

Мұнан әрі күтуге болмайды: барлық европалық мемлекеттердің ішкі саясаты қандай принциптерді басшылыққа алып отырғанына қарамастан, бұл мемлекеттерді ынтымақтасуға шақыратын мезгіл жетті. Барлық европалық мемлекеттердің өкілдері хауіпсіздікті ұйымдастыру туралы келісе алады және келісуге тиіс.

Барлық мемлекеттердің хауіпсіздігін қамтамасыз ету ұсынысына үкметтердің қандай жауап беретіндігі және олардың ішкі мәнісіндегі бейбітшілік заманына жол ашатын-ашпайтыны ендігі жерде Европаның халықтарына байланысты. Біздің ұйымымыз, мүмкін, Европа мен бүкіл адамзат болашағының дадырын шешетін күндерде жыйналып отыр. Аса зор бақыластықты болдырмауға халықтардың әлі де шамасы келеді. Европаны бөлшектеуді және жаңадан жаңтала-са қарулануды болдырмауға халықтардың әлі де шамасы келеді. Соғыстың қаратпек бұтанын Европаның нақ ортасында қайтадан торлауына халықтар жол бермеуге тиіс. Біз кейбір елдердің мемлекет қайраткерлерінің сасдалақтап отырғанын көріп отырмыз, бұлар, келіссөздер жүргізу және бейбітшілікпен қатар өмір сүру туралы айтып, соның өзінде вермахты — Францияның бұл жөкесуын жауын қалпына келтіру туралы договорларға қол қояды. Олар бейбіт кеңестер туралы әңгіме болған кезде, тым баяулыққа салынып отыр. Ал әңгіме неміс дивизиялары жайында болған кезде, олар шамадан тыс тырысып бағуда. Мүмкін, олар өзін-өзі бақылаудан қалған шығар, бірақ әлі халықтардың бақылауы да бар ғой.

Менің бұл сөз сөйлеуімді жеке басымға қатысы бар бірнеше сөздермен аяқтауыма рұқсат етіңіздер. Совет азаматы, орыс жазушысы, дүниежүзілік екі соғысты басынан көшірген, Рейме пен Новгородтың соғыс өртіне ұшырағанын көзімен көрген адам, Европаны жақсы көретін, оған берілген, Герценнің «Европаның қаспегі тастары» туралы айтқан тамаша сөздерін жиі-жиі қайталап айтатын европалық адам—менің бұл шешуші күндері барлық европалықтарға былай деп айтқым келетін сөзіме ұста болып қаламын.

КАНАДА-СОВЕТ ДОСТЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ

Канадада Канада-Совет достығының айлығы өткізілуде. Бұл оқылға арналып кеше Москвада шетелдермен мәдени байланыстың Бүкілодақтық қоғамы ұйымдастырған кеш өткізілді. Кешке астанадағы қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ғалымдар, искусство шеберлері, әдебиетшілер жыйналды. Қомақтардың ішінде Канаданың ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі Дж. В. К. Уоткинс пен Елшіліктің қызметкерлері болды.

Кешті КБОО басқармасының мүшесі Л. Д. Кислова ашты. Баяндама жасаған академик В. А. Энгельгарт Канада мен Совет Одағы халықтарының арасында достықты нығайту және мәдени ынтымақтастықты одан әрі де өркендету мәселелеріне тоқталды. Ол Канада халықтарының ССРО-ның мәдени және шаруашылық табыстарымен, оның бейбіт құрылыстарымен таныстыруды Канада-Совет достығы қоғамының жемісті істері жөнінде айтты.

Кеш концерт қоюмен аяқталды.

БЕЛЬГИЯ ВЕРФІНДЕ ЖАСАЛҒАН ТЕПЛОХОДТЫҢ СОВЕТ ОДАҒЫНА ТАБЫС ЕТІЛУІ

БРИССЕЛЬ, 21 ноябрь. (СОТА). 20 ноябрьде Тамизе (Бельгия) қаласының верфінде совет заказы бойынша «Босль» кеме жасау фирмасында жасалған 4600 тонна су көлемді жүк тасыйтын «Александр Раушцев» теплоходы Совет Одағына табыс етілді.

Кемені табыс етуде ССРО-ның Бельгиядағы елшісі В. И. Авкилов, советтік сауда өкілі В. И. Роднов, сол сияқты, фирманың бас директоры Ван Дам және басқа адамдар қатысты.

ҚЫТАЙДАҒЫ АВТОМОБИЛЬ ЗАВОДЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНДА

ПЕКИН, 22 ноябрь. (СОТА). Қытай Халық Республикасында елдегі алғашқы автомобиль заводының құрылысы толық қарқынмен жүргізілуде. Көздің өзінде заводтағы 10 негізгі қорнустың алтауын жабдықтау жанындағы жұмыстар аяқталған. Таяу уақыттардың ішінде мұнда құрастыру және өңдеу жұмыстары басталады.

Құрылыспен 30 мыңнан аса жұмысшылар шұғылданауда. Олардың көпшілігі жастар. Құрылыста еңбек жарысы көбінен өрістелген, соның нәтижесінде жұмысшылар өндірістің жоғары көрсеткіштерге жетуде.

Автомобиль заводының қасында жұмысшы қалашығы өсіп келеді. Жұмысшылар мен олардың семьялары үшін жаңа тұрғын үйлер, кинотеатрлар, Мәдениет үйлері, балалар бақшасы, яслилер мен мектептер салынууда.

ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ АВИАЦИЯСЫ МЕН АРТИЛЛЕРИЯСЫ ЧАНКАЙШИЛІК ӘСКЕРЛЕРГЕ СОҚҚЫ БЕРУДЕ

ПЕКИН, 20 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Чжеңцзян провинциясында былай деп хабарлайды:

дай қоймады. . .

—Сіздің бізге келгеніңіз өбден жақсы болды, — деді совхоз директоры Керженер жолдас, — мектеп үйі даяр, әрине, кейбір жабықтарымыз әзірше жетіншіремейді. . .

Емельянова жолдас алғашқы күннен-ақ қызметіне зор жігермен кірісті. Оқу жылы басталғанға дейін мектепті әзірлеп үлгеру ойы қайда барса да оның есінен шықпады. Антонина Николаевна еналды мен бастауыш кластарда оқытатын балалардың есебін алды. Олардың ата-аналарымен әңгімелесіп, балалар мен танысты. Өткен жылғы оқу үлгеру бағаларын

ді бйылғы оқу жылында бір ынтымалды коллективке біріктіре алсам, жұмысым әлде қайла оңайлар еді. Алайда, дирекция, ата-аналар да көметін үзбеуі жерек.

Антонина Николаевна Емельянова заман мұғалімі. Ол өзі педагог болған 24 жылдың ішінде жүздеген жас буындарды тәрбиелеп шығарды, мол тәжірибе жыйнады. Көп жылдық адал еңбегін бағалап Емельянова жолдасы ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы «Құрмет Белгісі» орденімен наградады.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Қысқы спорт маусымы қарсаңында

Кәзір қаламыздың спортшылары қысқы спорт маусымының ашылуына қызу әзірленуде. «Динамо» және «Локомотив» стадиондарында коньки төбетін алаңдар жабықталып, мұз қатырылуда. Бұл стадиондарда арнаулы коньки базалары жұмыс істейтін болады.

Қысқы спорт маусымы 5 декабрде шаңғы жарысын өткізумен басталады.

Жарысқа өндіріс орындарының жұмысшылары, оқушылар мен студенттер, ерікті спорт қоғамдарының шаңғышылары қатынасап. Сол сияқты, бұл күні «Динамо» стадионында конькишілер жарысы, «Локомотив» стадионында хоккейшілер командаларының кездесулері өткізіледі.

С. БЕЙБІТОВ.

Хат тасушының көмегі

Садуақас Мұстафин жолдас «Баян» ауылшаруашылық артелінде (Преснов ауданы) 1944 жылдан бері хат тасушы болып істеп келеді. Ол қолхозшылардың газет-журналдар мен хат-хабарларын үнемі мерзімінде алуын қамтамасыз етуде. 1955 жылдың газет, журналдарына жабықтандырылуына да Мұстафин жол-

дас зор белсенділік көрсетіп, барлық қолхозшылардың газет-журналдарға жазылуына көмек көрсетті.

Үлгілі хат тасушы өзінің көп жылғы мінсіз еңбегі үшін қолхозшылардың сыйқұрметіне бөленген.

В. ДӘУРЕНОВ.

Күн тәртібінде: төбелес

... түрік меджлисінде билік жүргізуші демократиялық партия мен оппозициядағы халықтық-республикалық партияның депутаттары арасында төбелес шыққан. Төбелеске ұлттық қорғаныс министрі Эгем Мендерес қатысқан.

(Газеттен).

Тақылдап етул, шашылып қағаз. Төгіліп сыя, қаламдар сынды. Көптен-ақ іштен болатын араз, Желмеден бірі бүркіттей бүрді. Топқаңдап асты депутатсымақ, Ақшыйыш көзі қыбықылдай түсті... Алқына келіп еденге құлап, Жұдырық тиді, мұрттай-ақ ұшты. Сөгілді костюм, жыртылды жаға, Тақмы-фәстер домалап жатты. Біріне-бірі туралмай ара Ербиген қолдар жұмалап жатты...

Президент Желаль Баяр Отырды төрде, айта алмай сөзін. Алыса кетсе, жұдырық даяр, Төбелес қызды қанталап көзін. Министр мырза Мендерес Эгем, Шамасы келмей қорғауға муны.

Көптен-ақ қатқан іштегі шөмен, Ашылды солай меджлис сыры. Төбелес қызды... Түйілді жұдырық, Меджлис пешегі: «тәртібін күннің...» Бетті екен онда кімді кім ұрып? Болған жоқ, деуші: «немен тыңдың?». Бізәлі айғай, Шуылдап дауыс, Көтерді біраз мәжіліс залын. Бұл тәртібі: Төбелес, алыс, Ойлайды солай тұрғытқан қамын! Меджлис мырк-мырк... Тарсылдап тақтай... Тарасып кетті төбелес салып, Отыр дейді, Ялчин мен Ақтай Қолына сынған қаламын алып...

Жақан СЫЗДЫҚОВ.

ше алатын достық келіссөздер жүргізу орнына ақун ілгері қару кезенуде, октемдікке ұқсайтын ноталар жазуда, «қырғи-қабақтық соғыстың» барлық тәсілдерін қолдануда.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, деді шөшен бұдан кейін, қарулануды күшейту арқылы жетуге болмайды. Бұлар бір-бірімен сыйыспайды. Солай бола тұрса да, біз күш жұмсау саясатын жақтаушылардың, бір кеңесте халықаралық шиеленісті бәсеңдету қажет екендігі туралы айтып, соның ізінше басқа бір кеңеске баратынын, сол кеңесте қарулануды, ең алдымен тіпті жақында ғана өз қаруымен еуропалық мемлекеттердің көпшілігін тып-тыйып еткен елдің өзін қаруландыруды күшейту қажет екенін дәлелдеуге тырысып жүргенін көріп отырмыз.

Батыс Германияны қаруландыруды жө-

Алжирдегі жағдай

ПАРИЖ, 22 ноябрь. (СОТА). Париж газеттері мен радиоларының хабарлауы бойынша, Алжирдегі жағдай бұрынғысына қарағанда өте қатты шиеленіскен түрде қалып отыр. Төрт апта бойы француз әскерлерінің, полицияның және жергілікті тұрғындардың арасындағы қақтығыс үзілмеуде. Екі жақтан да шөптеп өлгендер және жараланғандар бар. Орес таулы ауданындағы (Константин қаласынан Оңтүстікке қарай) алжирлік көтерілісшілерге қарсы соғыс қыймылында француздың сауықты машиналары, артиллерия мен самолеттері қатысуда.

Кеше француз самолеттері Орес ауданындағы араб деревняларының үстіне елу мың листовкалар тастап, тұрғындарға барлық дүние мүліктерімен таудан түсің, «француз әскерлерінің қорғауындағы хауіпсіз аймаққа паналауды» ұсынған. Ұсыныс мерзімі жергілікті уақыт бойынша кеше 18 сағатта аяқталды. Алайда, Франс Пресс агенттігінің хабарлауындай, Алжир генерал-губернаторы кеңесі басшылығының орынбасары кеше кешке «листовкаларға қарамастан, адамдардың ешқандай елеулі қозғалыстары байқалмайды» деп мәлімдеген.

Француз әскерлерінің ірі күштері Орес таулы алқабына шабуыл жасауда. Сонымен бірге, әскерлер мен полиция кейбір селолық жерлерде «тазалау операциясы» деп аталатынды, сондай-ақ, Алжир қалаларында жашнай тінтуді жүзеге асыруда. Франс Пресс агенттігінің хабарлауы бойынша тек кешегі күні ғана 500-ден аса алжирліктер тұтқынға алынған. Коммунистік партиялар мен «Демократиялық бостандықтың салтанаты» партияларының мүшелері қатаң репрессияға алынуда, оларға жұмыс істеуге тыйым салынған. Бұл партиялардың баспасөз органдары Алжирдегі отарлаушылық террорға қарсы шыққан үшін шоң-шоң келенуде.

данбай келеді? Кейбір француз радикалдарымен кейбір ағылшын лейбористері герман милитаризміне қарсы күрес жөніндегі өз одақтастарымен сөйлесудің орнына, әсешілерді қаруландыруды, вермахты қалпына келтіруді және дүниежүзілік екінші соғысқа өкеліп соқтырған қайғылы маскаралықты қайталауды неліктен артық санап отыр? Мүмкін, «орыстармен келісу қыйын», «Берлин кеңесі барлық жұрттың көңілін суытты», «құрғақ сөздерге уақыт озыру ақмақтық болады», «орыстар кеңестерді өзінің насихаты үшін пайдалануда» дейтін олардың сылтаулары елеулі сылтау болып отырмай шығар! Бірақ, орыстардың американдармен келісуі қыйын болып отырғандықтан, орыстар да сөйлескіміз келмейді деп айта алады ғой. Солай бола тұрса да, Совет Одағы келіссөздер жүргізуді ұсынғып отыр. Ал шынында, Берлин кеңесі

Англия қауымдар палатасындағы жарыссөз

ЛОНДОН, 19 ноябрь. (СОТА). Кеше қауымдар палатасында Батыс Еуропа проблемасы жөніндегі жарыссөздер одан әрі жүргізілді. Бұрынғы финансы министрі лейборист Гейтскелл мен қорғаныс министрі Макмилланның Германияны қаруландыруға бағытталған үкімет саясатын қолдаған сөздерінен кейін Бивен сөз алды. Ол Батыс Германияны қаруландыру туралы ұсынысты сыңра алды. Англия, деді Бивен, Американың көмегінен өзіндік экономикасы көтере алмайтын міндетті алып отыр. Англия тарапынан бұл өте хауіпті қадам.

Атом және сутегі бомбаларын жасауға Германияға ұрысқат берілмесе де, тоғыз елдің келісімі Германияның бұл қаруларға ие болатындығын жоққа шығармайды, деді Бивен. Германияға атом бомбаларын құрама Штаттары бере алады.

Үкімет адамдары отыратын орындықтарға қарай қолын сермеп қойып, Бивен былай деді: «Сіздер орыс нотасында (Еуропадағы хауіпсіздік мәселесі жөнінде кеңес шақыруды ұсынған. —Ред.) ешқандай жаңалық жоқ дейсіздер. Бірақ, сіздердің өздеріңіз ешқандай жаңалық айтпай отырсыздар. Біздің бұл қадамды бастамас бұрын (Батыс Германияны қаруландыру еске алынған.—Ред.), орыстармен жаңа кеңес өткізуге ұмтылуға

Египетте „Мұсылмандар туысқандығы“ мүшелерінің тұтқынға алынуы

НЬЮ-Йорк, Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарлауы бойынша, Сириядағы «Мұсылмандар туысқандығы» одағының басшысы шейх Мұстафа Сабай Египетте тұтқынға алынған «Мұсылмандар туысқандығы» мүшелерінің саны алты мың адамға жетті, деп мәлімдеді. Ол былай деген: тұтқынға алынғандардың

қазынаны ұқыптылықпен сақтайық, болашақты қорғайық, Еуропаны соғыс өрті мен қайғысынан аман сақтап қалайық, бейбітшілік орнатайық! Әрбір күн қымбат. Достар, осында, осы тамаша қалада берген аяқтарымызды есімізге түсірейік. Біздің үндеуіміз осы аралап таралған болатын, мүмкін, атом соғысының жаңартушыгерлік апатынан дүние жүзін аман сақтап қалған осы үндеу болған шығар. Ол кезде біз анағұрлым әлсіз едік: ол кездегі булақ кәзір көп арналы өзенте айналды. Кәзір бүкіл дүние жүзін жұртшылық пікірі бізбен бірге. Бірақ сол кездегі жүректің жалынды жігерін барынша өршіту керек. Стокгольм үндеуі күндерінде болғандай шабытты қыймыл жасау керек. Түзетуге болмайтын апаттың жасалуына жол бермейік! Бейбітшілікке жету жолын берік қорғайық!

Түркия халқының саны

АНКАРА, 21 ноябрь. (СОТА). Түркиядағы «Зафар» газетінің шолушысы былай деп хабарлайды: бас санақ басқармасының мәліметіне қарағанда, Түркия халқы 1954 жылдың сәуіріне 22 миллион 949 мың адам болған.

Бұдан кейін оппозицияның атынан Эттли қорытынды сөз сөйледі және сыртқы істер министрі Иден жарыссөздерге жауап берді.

Бұл мәселе жөнінде үкімет ұсынған қарар төрт дауысқа қарсы 264 дауыспен қабылданды. Бұл жерде палатаның 622 мүшесінің қарарды жақтап жартысынан азырағы дауыс берген фактісі өзіне назар аударады. Пресс Ассошиэйшн агенттігінің хабар еткеніндей, лейбористердің көпшілігі, оның ішінде Бивен мен оның жақтастары дауыс беруге қатысудан қалыс қалған.

Жарыссөздің соңынан екі жас жігіт жұртшылыққа арналған галереяға шығып, бүкіл залға: «немістерге қару берілмесін» деп айғай салды және қауымдар палатасының мүшелеріне бір буда листовкалар лақтырды. Олар өздерін қызметкерлер галереядан шығарғанда қатты қарсылық көрсеткен.

Египетте „Мұсылмандар туысқандығы“ мүшелерінің тұтқынға алынуы

бірі Мохаммед Акеф тергеу кезінде өліп кеткен. БАИР. Газеттерде прокуратураның «Мұсылмандар туысқандығы» одағының басшысы Хасан Холайби үкіметке қарсы әрекет істеді деген айыпшы жоғарғы сотқа берілетіні туралы үкімін жариялаған. 22 ноябрь. (СОТА).

20 ноябрьде түстен кейін Халық-азаттық армиясының авиациясы Пишань аралындағы чанкайшілік әскерлердің позициясын бомбалаған. Чанкайшілік сенил артиллериясы күтпеген жерден шабуылға ұшырап, оң ата алмады.

Гоминдандық бір топ самолеттер жауап ретінде қарсы шабуылға шығуға тырысқанмен ештеңе өндіре алған жоқ.

Сол күні кешке Халық-азаттық армиясының артиллериясы жоғарыда аталынған аралдағы чанкайшілік әскерлердің позициясын тағы да атқылады, ол аралда 1500-ден астам гоминдандық солдаттар мен офицерлер топтастырылған болатын.

Цзинин — Улан-Батор темір жолы құрылысында

ПЕКИН, 22 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Цзинин — Улан-Батор темір жолының құрылысшылары жолдың 338 километрге созылатын қытай участогін монгол участогімен жалғастырды, деп хабарлайды. Құрылысшылар жұмысты жыл аяғында бітіруге міндеттенді.

Түркия халқының саны

АНКАРА, 21 ноябрь. (СОТА). Түркиядағы «Зафар» газетінің шолушысы былай деп хабарлайды: бас санақ басқармасының мәліметіне қарағанда, Түркия халқы 1954 жылдың сәуіріне 22 миллион 949 мың адам болған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ДУШПАННЫҢ ІЗІМЕН»
Сеанстар кешкі сағат 5, 6-40, 8-20, 10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«БОГАТЫРЬ» МАРТОҒА БАРА ЖАТЫР»
Сеанстар кешкі сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық материалдық-техникалық жабдықтау басқармасына жүк тиеушілер керек. Еңбенақы істеген жұмысына қарай төленеді. Сол сияқты, курьер-үй күтуші керек, ол төтер үймен қамтамасыз етіледі.

Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі, № 46-үйде тұратын Николай Титович Русов Петропавл қаласы, Дзержинский көшесі, 46-үйде тұратын Мария Артемьевна Русаковадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02901 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.